# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Мектеп: №11 М.Окороков атындағы жоббм**
**Директордың оқу ісі орынбасары: М.Аукенбаева**
**Мектепалды даярлық**
**Балалардың жасы:** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 13 -17 ақпан 2022-2023оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| | **«Кішкентай бағбан»** **Мақсаты**: Үй жануарларын ажырата алады,төлдерін атайды. | **«Тазалық саулық-кепілі»** **Мақсаты**: Тазалыққа керекеті заттардың атауын атайды,оларды қолдана біледі,пайдасын түсінеді.. | **«Мектептегі қауіпсіздік ережелері»** **Мақсаты:**Дәлізде жүгірмеуді, баспалдақтан жүгіріп түспеуді, электр құралдарына жақындамауды біледі. | **«Бұны қай кезде киеді?»** **Мақсаты:**Әр жыл мезгі-лінде қандай киімдер киетінін баяндай алады | **Табиғат құбылыстары.** **Мақсаты:** Табиғи құбылыстарды ажыратады,зияны мен пайдасын түсінеді. |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналармен әңгіме:** «Дұрыс тамақтануға баулу» |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойыны, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Шарикті үрлеу». (үстел үсті ойыны) | «Гүлді құрастыру»Топтық ойын | Жапырақ гүлін жасау | Фантикті жинау | Қағазды бүктеу,жазу |

<table>
<tr><td>Таңертеңгі жаттығу</td><td colspan="5">Таңғы жаттығу .Денені жалпы дамытатын жаттығулар<br>«Құстар» ойыны: Бастапқы қалып: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында,бос, түсірулі.<br>Орындалуы: Қолдарды екі жаққа созу, сермеу, түсіру. Қайталануы: 4 рет<br>2. «Құстар су ішеді» ойыны: Бастапқы қалып: аяқ, иық деңгейінен алшақ, қол төменде<br>Орындалуы: алға еңкею, қолды артқа жіберу, тіктелу. Қайталануы: 4-5 рет</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td>Менің атым алма<br>Он саусағым жорға<br>Өлең айтып берейін<br>Би билейтін бар ма</td><td>Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін</td><td>Арайлап таң атты,<br>Күлімдеп күн шықты,<br>Жадырап жанымыз,<br>Бақыттымыз бәріміз</td><td>Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін</td><td>Шаттанамын, күлемін,<br>Бақытты боп жүремін.<br>Қатар тұрар шеңберде<br>Досым көбін білемін</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</td><td colspan="5">1 – ұйымдастырылған іс-әрекет</td></tr>
<tr><td>Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: Қаңтар<br>Міндеті:Балаларға өлең жаттатқызу, мақал-мәтел, жаңылтпашты қайталату, сөздік қорларын дамыту.<br>Мақсаты: Халық ауыз әдебиетіндегі мақал-мәтелдер, жаңылтпаштармен таныстыру. Оларды дәстүрлі қолдану жөнінде түсінік беру.<br>Мағынасын түсініп, сөйлеу барысында қолдануға үйрету. Сөздік корларын, тіл байлығын арттару.<br>Балаларды топтың кітап бұрышына жартылай шеңбер құрғыза отырғызып,саяхат жасаймыз. Балалар, бұл кітап жай кітап емес, ғажайып кітап. Біз бұл кітаппен бірге ертегілер еліне саяхаттап, әңгімелермен танысып, өлең жаттап, жұмбақ шешіп, мақал-мәтелдер айтып үйренеміз.</td><td>Сауат ашу негіздері<br>Тақырыбы: Ойнай отырып оқимыз<br>Міндеті:Түрлі ойындар арқылы балалардың алған білімдерін пысықтау.<br>Мақсаты: . Ойын барысында балалары зейінді болуға дағдыландыру. Түстерді тез айырып, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. Достық қарым қатынасты тәрбиелеу.<br>«Сөз ойла, тез ойла»<br>Мақсаты:Берілген дыбысқа сөз ойлап, сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білу. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>Ойын барысы:Тәрбиеші әріп қалтасынан кез келген бір әріпті көрсетеді. Балалар сол әріптен басталатын</td><td>Сауат ашу негіздері<br>Тақырыбы: Ойнай отырып оқимыз<br>Міндеті: Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Мақсаты : Балалардың жыл бойы алған білім-дерінің, үйренген жұмыстарының нәтижесін көрсетіп, балалардың сөздік қорын,тілін, ой-өрісін кеңейту.<br>Тәрбиеші:<br>Балалар бүгін біздің іс-әрекетімізге қонаққа Білімпаз атай келіпті.Білімпаз атай құр кол келмепті өзінің тапсырмаларын ала келіпті.Білімпаз атай сендердің жыл бойы алған білімдеріңді</td><td>Сауат ашу негіздері<br>Тақырыбы: Дыбыстық талдау<br>Міндеті:Дыбыстық талдау жасау дағдыларын бекіту.<br>Мақсаты: Дыбыстық талдау туралы білімдерін жетілдіру.<br>- Дыбыстық талдау дағдыларын қалыптастыру;-<br>Дауысты ,дауыссыз дыбыстарды ажырату;-<br>Сөзге дыбыстық талдау жасату арқылы сөздік қорын молайту.<br>«Кім зерек?» ойыны<br>Сөздер дауысты дыбыспен басталса қызыл текшемен, дауыссыз дыбыстармен басталса көк текшемен белгілейміз<br>«Дыбысты үйшік» ойыны<br>Шашыраған дыбыстарды өз үйшіктеріне орналастырамыз<br>«Айтылған дыбысқа сөз</td><td>Көркем әдебиет<br>Тақырыбы: Үш қыз (татар халық ертегісі)<br>Міндеті:Театрлан-дырылған әрекеттің түрлі тәсілдерін меңгерту.<br>Мақсаты : Балалардың білімін бекіту, ертегілер үзінділерін әңгімелей білу; балалардың елестету қиялдарын дамыту, сөздік қорын молайту; көңіл –күйлерін терең түсінуге, аяушылық сезімі қамқоршы болуға үйрету.<br>Кіріспе әңгіме<br>Педагог балаларға жұмбақ жасырады:<br>- Өмірдегі ең жақын, ең аяулы жан кім?<br>- Ең аяулы жан - ол ана. Анамызды сыйлап, айтқанын орындап,</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тоқталамыз ,Мақал мәтелдер,жаңылтпаштар туралы қысқаша түсінік беремін. Ноутбуктан слайд көрсету, мақалдардың мағынасын түсіндіру. Слайд Қазақ жерінің суреті, астында туған жер туралы мақал жазылған: «Жалғасын тап»<br><br>ойыны Ырыс алды- Ер қанаты- Еңбек етсең «Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас». -Қалай түсінуге болады? (айта алмаса, жетекші сұрақтар қою арқылы көмектеседі) | Бала өз қолымен біреуін алып сол дыбыстан басталатын заттарды айтады.<br>Мысалы:А – болса:Балалар: Ай, алма,алмұрт, асқабақ<br>**«Буынға бөл»** дидактикалық ойыны<br>-Балалар шеңберге тұрайық.<br><br>Мен буынды айтып, бір балаға допты лақтырамын, бала допты ұстап алып, буынды қосып, сөзді жалғастырады. Мысалы:( ас+паз, кі+тап, ба+лық, ба+ла). Ойынды өзгертуге болады | тапсырмаларына назар аударайықшы (сандардың сыртқы бөлігінде сұрақтар жазылып тұр)<br>1)әріп дегеніміз не? дыбыс дегеніміз не?<br>2)дыбыс нешеге бөлінеді?<br><br>3)1-10 дейін өсу ретімен,кему ретімен санап бер.<br>4) «қыс туралы өлең<br>5)ертегілер елінде(өзі білетін ертегіні айтып әңгімелеп беру)<br>6)жаңылтпашты қайталау<br>7)мақал-мәтелдің жартысын айту. | жұлдызша беріп отырады, ойын соңында жеңімпаз анықталады.<br>1-тапсырма. Педагог балаларға «д» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>– Доп, дос, дорба, дән, дақыл, Дарын, дала, домбыра, Думан, дуадақ т.б.<br>2-тапсырма. Педагог балаларға<br><br>«м» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>– Мақта, мысық, моншақ, мал, малта, Маржан, магнит, мейіз, мол.<br>3-тапсырма. Педагог балаларға «т» дыбысы кезедесетін сөздерге мысалдар келтіруге тапсырма береді.<br>– Тарақ, тақия, тазы, тоқым, толық, толқын, темір, табақ, тиек, тара, тамақ, тал, тон, тұз т.б. | қалса, дәрі - дәрмек беріп қарауымыз керек.<br>- Бүгін біз татар халқының «Үш қыз» ертегісімен танысамыз. Педагог ертегіні мәнерлеп оқып береді, мазмұнын түсіндіреді.<br>Сөздік жұмыс<br>Аяулы жан сөзі өмірдегі ең жақын, ең қымбат деген мағынаны білдіреді<br>Қайырымдылық деп қиын кезде көмек көрсетуді айтамыз.<br>Сұрақ - жауап<br>- Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырады?<br>- Тиін үлкен қызды неге айналдырады? Не үшін?<br>- Тиін ортаншы қызды неге айналдырады? Не үшін? Сұрақ - жауап арқылы сабақты бекіту. |

**Үзіліс : « Соқыртеке» ойыны**

**« Соқыртеке»** Ойын бастаушы « Соқыртеке» болып белгіленген ойыншының көзін байлап, оны бөлменің ортасына апарып, бірнеше рет шыр-көбелек айналдырады, содан кейін былай деп сұрайды: - Мысық, мысық неде тұрсың? - Күбіде.

- Не бар екен күбіде? - Бар боп шықты ашытпа.
- Бізді емес, тышқанды ұста.



олардық уады. Ол кімді ұстаса, сол « Соқыртеке» болады. Ойын тәртібі: Егер « Соқыртекенің» бір затқа соғылардай қаупі болса, ойыншылар « От»! деп айқай салып, оған ескертеді. Бірақ бұл сөзді « Соқыртекеден» қашып құтыла алмайтын жағдайға ұшыраған ойыншының оның бағытын өзгерту үшін айтуына болмайды. Ойын ережесінде бір заттың артына тығылуға немесе өте алысқа қашып кетуге рұқсат жоқ.

Ойыншылар өздерін ұстатпау үшін « Соқыртекеден» жалтырып кете алады, тізе бүгіп немесе төрттағандап жүріп, құтылып кетуіне болады. «Соқыртеке» көзін байлаған орамалды шешпес бұрын, қолға түскен ойыншыны танып, есімін атауға тиіс.

**2 – ұйымдастырылған іс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:** Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелері<br>Міндеті:Табиғатта өзін дұрыс ұстау ережелерін білу,орындау.<br>Мақсаты: Табиғатта болатын әр түрлі жағдайда, жалпы табиғатта өзін қалай ұстау керектігі туралы ережесімен таныстырып түсіндіру.Табиғаттың біздің өміріміздегі пайдасын түсіндіру.Балалардың табиғатқа, туған өлкеге деген аяушылық, жауапкершілік сезімдерін дамыту.<br>Тәрбиеші:<br>Балалар бүгінгі сабақта табиғат жайлы әңгімелейміз.<br>Табиғат – адамдарды қоршаған әлем. Бұл – аспан, | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Не неге ұқсайды?<br>Міндеті: Геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту.<br>Мақсаты: Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыра отырып, қарапайым математикалық ұғымдарын бекіту, пішіндерді ажыратып айта білуге, оларды қоршаған ортамен салыстырып, түр – түсін, заттардың көлемін анықтай білуге дағдыландыру.<br>Есікті қағып Ханшайым кіріп келеді.<br>-Сәлеметсіздер ме балалар!<br>-Мен сендерге келген себебім сендерді «Сиқырлы | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Не неге ұқсайды?<br>Міндеті: Өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету.<br>Мақсаты: Балаларға геометриялық пішіндерді олардың түстері туралы түсініктерін бекіту.<br>геометриялық пішіндерді (шаршы, дөңгелек, үшбұрыш, сопақша) ажырата білуге үйрету. Үлгі және сан айту бойынша геометриялық денелер мен пішіндерді санап алуға жаттықтыру.<br>**Қонаққа Бауырсақ келеді**<br>Мен орманда атам мен әжемнің үйіне бара жатыр едім, жолда қоян, қасқыр, аю және түлкі менің жолыма бөгет болды.<br>Олар маған бірнеше тапсырмалар берді. Егер сол | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Кім қайда тұр?<br>Міндеті: Қоршаған ортада бағдарлауға үйрету,белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау.<br>Мақсаты: Заттардың кеңістікте орналасуы ұғымдарымен танысады, заттарды сипаттау арқылы табуға үйренеді..<br>**«Ой қозғау» әдісі**<br>Жоғары қарап ай көрдім<br>Төмен қарап жер көрдім<br>Оңға ,солға бұрылып<br>Егеменді ел көрдім<br>**Ынталандыру**<br>Педагог «Қарама-қарсы | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:** Табиғатта өзін дұрыс ұстау ережелерін білу, оны орындау<br>Міндеті:Табиғат,оның байлығын қорғау туралы түсініктерін кеңейту.<br>Мақсаты: Табиғат біздің алтын ұямыз, қоршаған ортамыз, тіршілік көзіміз екенін, оларды қорғау, аялау, ардақтау біздің міндетіміз екенін түсіндіру Табиғат аясында өзін мәдениетті ұстауға, қоршаған ортаны ластамай сақтауға тәрбиелеу. Оқу қызметі барысында жағым- ды көңіл күй орнықтыру үшін қолдау-ойын. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарлар әле- мінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шөптер, жануарлар әлемі.<br>Таулар тастар, ағаштар, шөптер – табиғаттың денелері.<br>*Естеріңде болсын!*<br>*Ересек адамдарсыз орманға баруға болмайды!*<br>*Себебі адасып кетулерің мүмкін. Үйден алыс ұзап кетіп кері жол таба алмай қалып аналарыңа кері жол таба алмай қалауларың мүмкін.*<br>*Орманда жүргенде таныс емес жидектерді ешқашанда жеме!*<br>*Балалар орманда жүргенде аңдардың кішкентай балаларына тиіспегендерің жөн олардың анасы оларды қорғауға келгенде өте қауіпті болады.*<br>*Егерде орманда достарыңмен ойнап жүріп, жыланды көрсең айқайлап достарыңды шақырмай тезірек алысырақ кет.*<br>*Жемістер мен көкөністерді жер алдында жуып жеу қажет.Сонда сенің ішің ауырмайды.*<br>Табиғатты қорғауға, оны қалпына келтіруге барлық адам қатысуы керек. | шақырамын<br>Тәрбиеші:<br>-Балалар «Сиқырлы пішіндер» әлеміне барғыларын келе ме?<br>-Ал ендеше қандай көлік пен барғыларын келеді?<br>- Жарайды. Ендеше, пойызбен барайық. Ал кеттік.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Пойыз»** Тіл ұстарту жаттығу.<br>Пыш - пыш, пыш - пыш біз кеттік,<br>Жүрісті үдеттік.<br>Гу - гу, гу - гу гуілде,<br>Қалып қойма бірінде<br>- Сен қандай пішінсің<br>*Төртбұрыш:*<br>-Төртбұрышпын, төртбұрышпын.<br>Төрт қабырғасы бар бұрышпын,<br>- Неге төртбұрыш дейді екенбіз, қанекей төртбұрыштың қабырғаларын, бұрышын санайық.<br>-Төртбұрыштың түсі қандай?<br>Ал сен қандай пішінсің?<br>Сен қандай пішінсің?<br>Үш бұрыш: | ата-әжемнің үйіне бара аламын. Сендерге өзіммен бірге тапсырмалар ала келдім. Маған көмектесесіңдер ме, балалар?<br>Балалар:- Иә Тәрбиеші: Олай болса балалар,бауырсаққа тапсырмаларды орын-дауға бірге көмек-тесейік. 1- тапсырмада Қоян бізге жұмбақ жасырыпты,қане барлығымыз жұмбақтың шешуін табайық. Пішіндер туралы жұмбақтар. Атына сай балалар, Үшбұрыш, үш жағы бар Ол пішінді кім табар?<br>Балалар:-үшбұрыш Тәрбиеші: -дұрыс айтасыңдар балалар, бұл үшбұрыш. Оның үш бұрышы бар. Үшбұрыштың түсі қандай?<br>Балалар:-қызыл -Дұрыс айтасыңдар!<br>**Жұмбақ; -**<br>Төртбұрышы бар, төрт қабырғасы бар, Бұл қандай пішін? төртбұрыш Тәрбиеші: -иә, дұрыс. Оның төртбұрышы бар. Төртбұрыштың түсі қандай? Балалар:-жасыл<br>Допқа өзі ұқсайтын, Ерекше бір пішін бар атын оның атаңдар?<br>Балалар:-дөңгелек Тәрбиеші: өте жақсы, балалар.Дөңгелектің бұрышы бар ба? Балалар:-жоқ<br>Тәрбиеші: Ал,балалар, келесі тапсырмада Аю пішіндер | ұйымдастырады.Алдын да-артында, жоғары - төмен үстінде-астында ,оң жақта ,сол жақта.Балалар қимыл іс-әрекеттерімен көрсетеді. Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.( Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, биік-аласа, үлкен-кіші т.б.)<br>**Қимылды дидактикалық ойын «Кім қайда тұрады?»**<br>Шарты : Балалар қолдарында берілген құстардың суретіне қарап, олардың үйлеріне арнайы қиғаш жолдармен тауып барады. Екі жол: күлгін және жасыл түсті жолақшалармен жапсырмалаған. Бағдар бойынша сызықтармен жүре отырып қолдарындағы суретті үйшікке жапсырады.<br>**«Не өзгерді?» тапсырмасы.** Суретте таяқшалар берілген, оларды жылжыту арқылы пішіндері | отырып, қоршаған ортадағы табиғатқа қамқор болу, оларды арнайы күтіп баптау керек екенін айтады.<br>Педагог табиғат бұрышындағы өсімдіктерге су құйып, түбін қопсытып, құстарға жем беріп, оларды күтіп, баптаудың маңызын мәтін мен суреттер арқылы түсіндіреді.<br>«Табиғат бұрышында» тәжірибе - бөлік жұмыс<br>**Тақпақ**<br>Мұзафар Әлімбаев<br>«Туған жерді сүю парыз,<br>Сүю үшін білу-парыз,<br>Қасиетін ұғу-парыз<br>Күзетінде тұру- парыз- деп айтқандай кең байтақ еліміз жайлы, бізді қоршаған әлем туралы білуіміз керек.<br>**Дид.ойын: «Ағаштарды ата»**<br>Мақсаты: Ағаштар атау, өсімдіктерге күтім жасауға үйрету, олардың пайдасы және биік- аласа ұғымдарын ажырата білуді үйрету.<br>Туған жерінің табиғатын қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу.<br>Көрнекі құралдар: орман ағаштарының суреттері. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әр адам қоршаған ортаны таза сақтауға, қорғауға және жақсартуға тікелей қатыса алады.<br>Адам табиғатты аялап, қорғау керек.<br>Смайликтер жинау арқылы бүгінгі сабақтың балаларға қаншалықты ұнағанын анықтауға болады. | Үшбұрышпын,<br>үшбұрышпын,<br>Үш қабырғам бар бұрышпын<br>- Ал, үшбұрышты неге үшбұрыш дейді екенбіз, бұрыштар мен қабырғаларын санайық. Үшбұрыштың түсі қандай екен?<br>-сен қандай пішінсің?<br>**Дөңгелек:**<br>- Домалақпын, домалақпын, Ай сияқты, күн сияқты Шар сияқты домалақпын.<br>- Дөңгелектің бұрышы бар ма? Пішіннің түсі қандай?<br>**Тәрбиеші:**<br>- Балалар, осы пішіндерді қоршаған ортамен салыстырайық. *)*<br>**Д/о. «Айналадағы заттардың пішіні"**<br>*Шарты: Заттардың қандай пішіндерге ұқсайтынын тауып айту.* | туралы тақпақтар айтуларыңды сұрапты. -Сен қандай пішінсің? төртбұрышпын. Төрт қабырғасы бар бұрышпын Қай жағынана қарасаңда, Төрт қабырғам тең бұрышпын Үшбұрышпын, үшбұрышпын, Үш қабырғам бар бұрышпын Төртбұрыштан аз болсамда, Орны бөлек үшбұрышпын Домалақпын Дөңгелек боп домаладым. Ай сияқты, күн сияқты Шар сияқты домалақпын. | өзгеріп отырады,<br>**Дидактикалық ойын**<br>«Күн мен түн» дәстүрлі ойыны. Педагог «күн» деген кезде, балалар секіреді, «түн» дегенде, тоқтап қалады.<br>. | **Дидактикалық «Үй құстарын ата»**<br>Мақсаты: үй құстарын атау. Олардың адамға келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>Үй құстарына деген камқорлық сезімін ояту. Табиғаттың жаршысы - құстарды, қорғауға, аялауға, камқоршы болуға тәрбиелеу. Көрнекі құралдар: Үй құстарының суреттері. |

**Үзіліс: « Жыл мезгілі » ойын**

| | |
|---|---|
| **Тіл ұстарту жаттығуы**<br>1) Ша-ша-ша | **«Жыл мезгілдері»**<br>**Мақсаты:**Балалардың жыл мезгідері туралы |

2) Ар-ар-ар
   Қандай аппақ қар.
3) Ыс-ыс-ыс
   Келіп қалды қыс.
4) Лар-лар-лар
   Далада ойнайды балалар.







үйрету(қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.
**Көрнекіліктер**: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.
**Ойын барысы**:Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.
Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады.(мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққалат.

**3 - ұйымдастырылғаніс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Мемлекттік рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба<br>**Міндеті** :Мемлекеттік рәміздердің қазақша атауын үйрету,сөйлеу мәдениетін жетілдіру<br>Мақсаты: Оқушыларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерімен жан-жақты таныстыру.<br>Оқушылардың ой өрісін кеңейту,ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.<br>Оқушыларды Отанды сүюге, рәміздерін құрметтеуге, | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Мемлекттік рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба<br>**Міндеті:** Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу<br>Мақсаты:Қазақстан Республикасының рәміздері, белгілері жайлы мағлұмат беру.Байланыстырып сөйлеуге, ойларын жүйелеп жеткізуге, мәнерлеп оқуға ынталандыру. Балалар, айтындаршы, біз қай | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Қаңтар<br>**Міндеті**:Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. **Мақсаты:** Қыс мезгілі туралы балалардың түсінігін кеңейту,қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.Қыс мезгіліне деген қызығушылығын арттыру,тілдерін дамыту,ой-өрісін | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Үш қыз (татар халық ертегісі)<br>**Міндеті:**Әдеби шығарманы мәнерлеу құралдарына байланыстықабылдауға дағдыландыру.<br>**Мақсаты:** Балаларға ертегіні мәнерлеп оқып бере отырып, ертегінің мазмұнын ашу.Отбасындағы үлкендерді, ата — анасын құрметтей білуге және | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Тақырыбы:** Қаршақыздың сүйікті достары - мысық, күшік<br>**Міндеті**- Қаршақыздың достарымен танысып ,олардың суретін сала білуге үйрету.<br>**Мақсаты:**- Мысық пен ит үй жануарлары туралы түсінік беру.Олардың ерекшеліктерін, адам өміріне пайдасын жәнемысық үй тазалығын,ит жеті қазынаның бірі екенін айтып түсіндіріп,дүние танымын кеңейту.Үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Отанының патриоты болуына тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші:Балалардың назарлары бейнероликке аударады.Суреттен Мемлекеттің Рәміздері Елтаңба, Ту, Әнұран көрсетіледі.<br>Тәрбиеші балаларға жеке –жеке тоқталып таныстырады.<br>**Сұрақ жауап әдісі**<br>Балалар,қалай ойлайсыңдар, әр мемлекетке өз мемлекеттігін білдіретін белгілер керек пе?Біздің туымыз қандай түспен берілген?<br>Елтаңбамыздың ортасында не бейнеленген?<br>**Мақал - мәтелдер**<br>Отан — елдің анасы<br>Ел - ердің анасы<br>Туған жердей жер болмас,<br>Туған елдей ел болмас.<br>Отанды сүю — от басынан басталады.<br>Отан оттан да ыстық.<br>Ел іші — алтын бесік.<br><br>Пәлен жерде алтын бар,<br>Өз жеріңдей қайда бар.<br>Ел-елдің бәрі жақсы,<br>Өз елің бәрінен де жақсы.<br>Туған жердің жуасы да тәтті.<br>**Тақпақ «Отан»**<br>Кең жазық Отан мекенім<br>Сен де өсіп көктедім<br>Сені қорғау парызым | мемлекетте тұрамыз? Біздің еліміздің мемлекет екендігін білдіретін қандай белгілердібілесіңдер?Ол арды қалай атаймыз?Қане балалар, біздің әнұранымыздың сөзін білесіңдер ма? Айтыпкөрейік.Ән ұранайтылыды.Балалар, әр мемлекеттің өз туы, елтаңбасы, әнұраны болады. Олар –сол елдің мемлекеттігінің белгісі. Бұл белгілерді рәміздер деп атайды.«МеніңҚазақстаным»әнұран ретінде алғашқы рет Н.Назарбаевтың иннаугурациясы кезінде орындалды. Әнұранның сөзін жазған - Ж.Нәжімеденов, Н. Назарбаев, композиторы -Ш Қалдаяқов.Туымыздың түсі аспан түсіндей көгілдір. Көгілдір түс - бейбітшіліктің, тыныштықтың, жарқын болашақтың нышаны. Тудың ортасында күн, қыран құс және өрнек | кезеңі? Балалар қыс мезгілінің басқа жыл мезгілінен ерекшелігі қандай?<br>-Адамдар қыста қалай киінеді?<br>-Қыс мезгілі сендерге несімен ұнайды?<br>Қыста ғана болады, ұстасаң қолың тоңады. (Қар)<br>Қолы жоқ сурет салады,<br>Тісі жоқ тістеп алады. (Аяз)<br>Қанаты жоқ ұшады,<br>Аяғы жоқ жетеді,<br>Аузы жоқ ұлиды. (Боран)<br>**Дидактикалық Ойын:"Аққала құрастыр"**<br>Ойын шарты:Балалар екі топқа бөлінеді.Әртүрлі қиып дайындалған геометриялық қиындылардан аққала құрастыру керек.<br>**Ойын**: «Қар атыспақ»<br>Ойын шарты:<br>Умаждалған ақ парақтарды қар ретінде пайдаланып ортаға тастайды, екі топ жинап үйінді ету | балалардың «мейірімділікке, «әдептілікке», «қамқорлыққа» тәрбиелеу.<br><br>Балалар, қанекей, айтыңдаршы бәріміз үшін өмірдегі ең жақын, ең аяулы жан кім?-Ең аяулы жан –ол ана. Анамызды әрқашан аялап, құрметтеп, ешуақытта ренжітпей жүруіміз керек.Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, қарауымыз керек. Анамыз біздер үшін бар жанын салады. Біздер де дәл солай айтқанын тыңдап жүгіріп жүруіміз керек.— Олай болса, бүгін біз татар халқының «Үш қыз» ертегісімен таныс болайық.<br>Ертегіні слайд арқылы ашу.<br>Ойын:«Егер,…, онда…»<br>Егер ананың басы ауырып қалса, (…не істер едің?…) (анама | Жұмбақ<br>Пеш үстінде құман<br>Екі көзін жұмған<br>**Тіл ұстарту жаттығу**<br>Күшігім-ау,күшігім<br>Ой-ой-ой, қорада тұр қой.<br>Ла-ла-ла ,Аман жақсы бала.<br>Ыз-ыз-ыз, Аруна жақсы қыз.<br>Машина,машина<br>Бізді алып кет,<br>Машина,машина<br>Зулап тез-тез жет<br>Бип-бип-бип.<br>**Тәрбиеші**<br>Қарандаршы балалар әжемізің мысығы,күшігі қандай әдемі.Балалар олар немен қоректенеді,нені жақсы көреді. Күшік сүйек мүжігенді,ал мысық сүт жақсы көреді. Балалар қарандаршы айырмашылығы неде деп ойлайсыңдар. Күшік ұрыдан үйді күзетеді,мысық үй тазалығын сақтайды,егер үйде мысық болмаса тышқан толап кетеді.Ол біздің тамағымызды бүлдіреді.<br>Әженің достарына арнап тақпақ айтайық.<br>**Тақпақ**<br>Ұнайсың сен саққұлақ<br>Күшігім –ау,күшігім<br>Жүгірші сен шапқылап<br>Шығармашылық іс-әрекет Сурет салу.<br>**Дидактикалық** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Ол молшылық пен байлықтың белгісі.Елтаңбаның ортасында шаңырақ бейнеленген. Шаңырақтан күн сәулесіндей уықтар тараған. Шаңырақты аңыз – әңгімелердегі пырақтар қанаттарымен көмкеріп тұр.Елтаңбаның маңдайшасында бес бұрышты жұлдызша, ал төменгі жағында Қазақстан деген жазуы бар. Ал енді, Елтаңба, ту, белгі сөздерінен сөйлем құрайық. | жеңіске жетеді. | Егер сен ананды ренжітіп алсаң, ….. (кешірім сұрар едім)<br>Егер анаң бір жұмыс тапсырса не істер едің, ….. (бірден тыңдар едім)<br>Егер ананның көңілі болмай тұрса , ….. (анамды жұбатар едім)<br>Егер анаң риза болса, ….. (анам үшін қуанар едім)<br>Егер анаң күліп жүрсе, ….. (мен де күліп жүрер едім) | Мақсаты: геометриялық пішіндерді қайталау, салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналастырылған пішіндер.<br>Ойын барысы: Балаларға геометриялық пішіндер беріледі, балалар тура сондай түсті пішінді табады.<br>**«Суреттің жалғасын тап»**<br>Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: жартыға бөлінген суреттер<br>Ойын барысы: Балалар үстелдің үстіндегі суреттердің екінші жартысын табады, затты атайды. Ұқсас заттарды топтастырады |
| | | Үзіліс: **Көзге арналған жаттығулар:** | | | |
| **Саусақ гимнастикасы.**<br>Саусақ ойындарын ойнату үшін алдымен балаларға қарапайым саусақ жаттығуларын жасату қажет. Саусақтары жаттыққан бала сөзді немесе өлеңді ойын қимылдарын тез орындап үйренеді.<br>1. «Кір жуамыз». Балалар жұдырығын қысып, «кір жуамыз» дегенде екі жұдырығын бір-біріне тигізбей қарама-қарсы қозғалтады.<br>2. Тары мен күрішті жинау. Балаға кішкене кесеге араластырылып салынған тары мен күріш беріледі. Тарыны бір кесеге, күрішті екінші кесеге салу тапсырылады.<br>3. Қуыршақтың белбеуін байла. Балаға қуыршақ және үш өрімді белбеу беріліп, «қуыршақтың белбеуін байла» деп тапсырма беріледі. Алғашында қиынсынса | |  | | **Көзге арналған жаттығулар:**<br>Көздерді оңға – солға, солдан оңға қарай қозғалту;<br>Көз қарашығын көкке одан төменге қарату;<br>Сағат тілі бойымен көзді айналдыру;<br>Тез арада көзді ашып – жұму;<br>Көздерді солжақ астыңғы бұрыштан, оңжақ үстіңгі бұрышқа қарату. Дәл солай бірақ енді керісінше жасау.<br>Әрбір жаттығуды кемінен 6 рет қайталау қажет.<br>**1 жаттығу:**Екі көзімізбен бірге екі қасымыздың ортасына қарап көрейік, осы күйімізде 5 секуд тұруымыз қажет.<br>**2 жаттығу:** Екі көзімізбен бірге мұрын ұшына қарап, осылай 5 секунд тұрамыз.<br>**3 жаттығу:** Екі көзімізбен бірге оң жақ иығымызға қараймызда, 5 секунд тұрамыз<br>**4 жаттығу:** Дәл 3 жаттығуға сәйкес, бірақ керісінше сол | |

| | | |
|---|---|---|
| [illegible] қарай баланың өзі де қуыршақтың, кейін өзінің белбеуін, аяқ киімінің бауын еркін байлайтын болады. | | [illegible] |

**4 - ұйымдастырылғаніс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Байқоңыр<br>**Міндеті:** Қозғалыс міндеттерін шешуде қимыл –қозғалыстарын үйлестіре білу шеберліктерін қалыптастыру.<br>**Мақсаты:** Кеңістікті, уақытты бағдарлауды, орындық/бөрене арқылы жоғары және төмен жүру барысында және берілген қалыпта тепе-теңдікті сақтау ептілігін дамыту. Алуан түрлі ойын түрлерінде әртүрлі дене жаттығуларын орындау барысында басқа қатысушыларға тактикалық көмек көрсету<br><br>«Байқоңыр» ғарыш айлағында барлығы ғарышкерлер даярлығынан өткенін еске салады. Зымыранмен ғарышқа саяхат жасау туралы ұсыныла-ды.<br>Бірден, екіден қатарға | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Бесік жыры<br>Міндеті: Музыка тыңдай отырып ,сол музыканың мағнасын ұғыну.<br>Мақсаты: жас ұрпақты салт-дәстүрге баулу.Лирикалық сипттағы әндерді орташа екпінмен,күш түсірмей әндете айтуға үйрету және тембірін,динамикасын қабылдап,таныс шығармалар ырғағын сезініуге,отбасы мүшелеріне деген сезімін музыка тілімен жеткізуге баулу.<br>**Жұмбақ**<br>Тұрады ол әр үйде,<br>Жайлы орын сәбиге.<br>Шаңғы табан үйшік ол,<br>Тербететін,әрине.<br>/Бесік/<br>Тәрбиеші:-Балалар, Әмина әжеміз бүгін немересі Айдананы бесікке салу рәсімін жасайды екен,бізде барып қайтайық<br>Алас,алас баладан алас,<br>Көзі жаманның көзінен алас,<br>Тілі жаманның тілінен алас,<br>Қырық қабырғасынан алас,<br>Отыз омыртқасынан алас, | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Байқоңыр<br>Міндеті:Сапта тұрып бір екі санаққа санауға,сапта тұрып түзелуге үйрету.30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.<br>Мақсаты: Бірінің артынан бірі сап түзеп жүріп келе жатып жүру, секіру, жүгіру түрлерін орындай білуге үйретуді жалғастыру.<br>Жаттығулардың жасалу техникасын түсіндіре отырып, берілген жан - жақты дамытатын жаттығуларды, негізгі қимылды сапалы, дәлме - дәл орындай білуге дағдыландыру<br><br>**Секіру жаттығулары:** қолды белге қойып бір жанымен секіру; оң және сол аяқты кезек көтеріп билеп секіру;<br>Жүгіру: қолды кеуде тұсқа ұстап жәй жүгіру; аяқты артқа лақтырып жүгіру; тізені көтеріп жүгіру; жәй | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:** Шаңғымен жүру (таза ауада)<br>Міндеті:Дене қимыл жаттығуларын біртіндеп көбейте отырып,төзімділік пен жаттыққандықты арттыру<br>**Мақсаты :** Бір қатар сапқа тұруға үйрету.<br>Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.<br>Шаңғымен нық адымдап жүруді үйрету<br>Бастапқы қалып.: негізгі тұрыс.<br>1-қолды екі жаққа созу:<br>2-Қолдарды жоғары көтеріп, қол шапалақтау;<br>3- қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты сәл ашып, қолды белге қою.<br>1--қолды екі жаққа созу:<br>2-алға иіліп, қол шапалақтау;<br>3- түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты иықтың деңгейінде қою, қолды белге қою;<br>1- қолды екі жаққа созу;<br>2-алға иілу, оң аяқтың тізесінің астында қол шапалақтау;<br>3- түзу тұрып, қолды екі жаққа | **Музыка**<br>**Тақырыбы:** Бесік жыры<br>**Міндеті**:Бесік жыры арқылы баланы имандылыққа тәрбиелеу.<br>**Мақсаты :** Оқушыларға бесік жырының қазақ ауыз әдебиетінің бір жанры екендігін түсіндіру бесіктің қажеттілігін білуін.<br>Балаларға бесік жыры туралы түсінік беру. Бесік балаға берер тыныштығы, тазалығытуралы үйрету.<br>Создік қорларын, ақыл – ойларын дамыту.<br>**Жақсы көңіл күй сыйлау**<br>Біздің күлкіміз көңілді,<br>Жеткізсін жылу мен шаттықты.<br>Бөліскен жақсы гой өмірде,<br>Қуаныш,мейірім,бақытты.<br>Тәрбиеші бесік туралы балаларға түсінік береді<br>Бейне сабақ арқылы суреттер көрсетіліп,түсіндіру жұмыс жүргізіледі.<br>**Сұрақ жауап әдісі**<br>Бесік неден жасалады? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ортасымен сап түзеп жүру. Аяқтың ұшымен және өкшемен жүгіруді алмастыра орындау.<br>Нұсқау – жүгіру кезінде аяқты ұшымен қою, өкшемен жүргенде аяқты тіктеп ұстау керек.<br>Қозғалысқа сәйкес қол қимылын ауыстыруға назар аударылады – аяқтың ұшымен жүгіру – қолды белге таяну, өкшемен жүгіру<br>**Ойын: Қасқырлар мен лақтар Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, епттілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын мазмұны:** Аралары 10-15 адым қашықтықта «қора» мен «өріс» сызылады.<br>**Ойнаушылар үйлерінде тұрып:**<br>Бөрте, бөрте, бөрте лақ,<br>Бөрте лақ тым ерке лақ<br>Кетесің кейде секендеп,<br>Байламаса көкем кеп—<br>деген сөздерден<br>Кейін дүрсілдей жүгіріп « өріске » беттейді. Оларды алаңның ортасында тұрған 2-3 қасқыр қуып береді. Қолға түскендер ойыннан шығып қалып | Көш пәлесі!- деп,аластап,сәбиді бөлеуді көрсетеді.Бесікті тербетеді. Балалар әжеге сұрақтар қояды.<br>Музыка тыңдау: «Бесік жыры» әнін айтып,тыңдауды ұсынады.<br>Балалар әнді мұқият тыңдайды.<br>-Бесік жыры сендерге ұнадыма?<br>-Ұнады.<br>-Сәбиді ұйықтар алдында «Бесік жырын»айтса,ұйқысы тәтті болады.Сәбиміз тыныш ұйқтасын<br>Аналарың сендерді әндетіп ұйқтатады,мәпелейді,баптайды,тамақтарыңды беріп киімдеріңді жуады.Ендеше біз анамызға арнап ән айтайық<br>Ән үйрену<br>«Абзал ана»<br>Балалар қосылып айтады.<br>**Әуенді ойын:** «Бұл қай аспап?» | жатып арқанды алу;<br>Бір қатардан 4 қатарға бөлініп тұру, жан - жақты дамытатын жаттығулар:<br>1. Қалыпты жағдай, аяқ бірге арқан төменде<br>1 - басты оңға ию, 2 - қалыпты жағдай, 3 - солға ию, 4 - қалыпты жағдай;<br>1 - басты оңға бұру, 2 - қалыпты жағдай, 3 - солға бұру, 4 - қалыпты жағдай;<br>1 - жоғарыға қарау, 2 - қалыпты жағдай, 3 - төменге қарау, 4 - қалыпты жағдай;<br>2 рет қайталау<br>**«Өз жұбыңды тап»**<br>**Ойын шарты:** Балаларға екі түсті жалауша таратылады, әр бала бір жалаушадан, музыка ойналады, балалар алаңда жүгіреді, музыка тоқтап қалғанда бір түсті жалаушалары бар балалар жұптасып тұра қалады, жеке жұпсыз қалған балаға қарап ойыншылар:<br>**«Жер, су, ауа»**<br>**Ойын шарты:** Дөңгелене тұрған балаларға бастаушы допты лақтырып жіберіп,»жер» десе | 4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: негізгі тұрыс, қолды белге қою.<br>1-отыру, қол шапалақтау;<br>2- тұру , бастапқы қалыпқа оралу..<br>**2.** Қыста далада тыныс алу жаттығулары.<br>**3.** Шаңғымен нық адымдап жүру.<br>Педагог қалай жүру керектігін түсіндіреді, іс жүзінде өзі көрсетеді: шаңғының басын көтеріп, бір орында жүру, алға нық адымдап жүру.<br>**4.** Төбешікке «Шырша» әдісі арқылы көтерілуді түсіндіру, көрсету.<br>**Қозғалмалы ойын: "Кім көп таспа жинайды? "**<br>Мақсаты: Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Епттілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жылдам қимылдауға тәрбиелеу.<br>Ойынның шарты: Балалар шашылып қалған таспаларды арнайы ыдысқа жинайды. Таспаны ең көп жинаған бала жеңіске жетеді. | жатқызады?<br>Бесік жырын қай кезде айтады?<br>**«Бесік жырын»**<br>Әлди, әлди бөпешім,<br>Әлпештеген көкешім.<br>Тербетейін жата ғой,<br>Тәтті ұйқыға бата ғой.<br>Әлди, әлди бөпешім,<br>Сендей сәби жоқ, көкешім,<br>Атам, әжем дейсің бе?<br>Тілің тәтті бөпешім.<br>**Ойын: «Музыкалық жұмбақтар»**<br>Ойынның мақсаты: Балалардың темблік естуін дамыту.<br>Керекті құралдар: металлофон,үшбұрыштар, сылдырмақ, арфа, цимбала.<br>Ойын барысы: бaрарал ширманың алдында жартылай шеңберге отырады. Ширманың арғы жағында үстел, ал үстелде саз аспаптары. Жүргізуші бала бір әуенді кез келген аспаппен ойнайды. Балалар оны табады.<br>**Ойын: «Музыкалық үй»**<br>Мақсаты: Балалардың тембрлік естуін дамыту, аспаптарды ажырата алу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | [illegible]<br>ұсталмаған балалардан сайланады.Осылайша ойын жалғасады. | | жануарлардың, жәндіктердің атын атауы керек, «су» десе балық, «ауа» десе құс атын атауы керек.<br>Жауаптан шатасқан бала айыбын өтейді. | [illegible] дейін жеткіз». Ойынның шарты: Балалар ойынды кезектесіп 3 баладан ойнайды. 3 балаға бір – бірден қап таратылады, ал олардан 20-30 метрдей қашықтықта доптар тұрады. Балалар секіріп, сол доптарға жетуі тиіс. Ең бірінші болып жеткен бала жеңімпаз атанады. | [illegible] үйдің терезелеріндегі аспаптарды атайды. |
| **Серуенге дайындық** | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| **Серуен** | Қардың түсуін бақылау<br>Мақсаты:<br>- Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;<br>Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;<br>әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев<br>Жауа-жауа, қар жауып көп,<br>Шұқырларға толады.<br>Иығыңа қонады кеп,<br>Мойныңа да қонады.<br>Жауып бітер қарды тосып,<br>Үйіңе де сыймайсың,<br>Табиғаттың ақ көрпесін<br>Басуға да қимайсың | Боранды күнді бақылау<br>Мақсаты: желді күнгі қардың қозғалысы туралы түсінік беру.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші жұмбақ жасырады:<br>Жерді тырнап, бұтаны ырғап,<br>Шөпті сипап, ұшады зырлап,<br>Жанын қинап, ұлиды зарлап.<br>(боран)<br>Көркем сөз «Ақ боран»<br>Ә. Табылды<br>Ақ көрпесін жапты да, Ақ боран-ау, ақ боран,<br>Аяз кенет аптыға, Алай-түлей соқ боран.<br>Айналаны үрледі, Ақ қар ұшып үйрілсін,<br>Ақ бораны гуледі. Ауламызға үйілсін.<br>Жас ұланмын шыныққан,<br>Жасқанбаймын суықтан. | **Құстарды бақылау**<br>Мақсаты:<br>Құстарды бақылауды әрі қарай жалғастыру<br>Торғай мен көгершінді салыстыру<br>Бақылау барысы:<br>Серуенге шығардың алдында тәрбиеші, балаларға көгершіндердің қоректендіретін нан алып шығу керектігін айтады.<br>Далаға шыққан соң, құстардың қанша екенін бақылап қарау керек.<br>Көгершіндердің қоректенуңн бақылау.<br>Балалардың назарын көгершіндердің қоректі көретін көздері,оны шұқып жейтін тұмсықтарын, жүретін | Ағаштарды бақылау<br>Мақсаты: *ағаштар туралы білімдері кеңейту,оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.*<br>Бақылау барысы. Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру.<br>Ағаштарға қамқорлықпен карауға көңіл бөлу.<br>Әңгімелесу: Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін)<br>Ағаштар неге қыста өспейді?<br>Ағаш тамырлары қалай қыстайды?<br>Ағаштарға қыс мезгілі керек пе?<br>Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш,қар жамылады) | Қар тазалайтын машина жұмысын бақылау<br>Мақсаты:<br>Ауыр жұмыстарды орындауға арналған машиналар ролі, олардың құрлысының ерекшеліктері туралы түсініктерін молайту,Техникаға деген қызығушылықтарын арттыру, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады<br>Бұл неткен күшті тазалаушы еді,<br>Үйілген қарды<br>Әп- сәтте жинап алды?<br>(қар жинайтын машина)<br>Қар жинайтын машинаның |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Зерттеу жұмысы<br>Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық).<br><br>Еңбек: өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.<br>Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту<br><br>Қимылды ойын<br>«Ыстық-суық».<br>Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету<br><br>Жаттығу ойындары<br>Қимылдарын дамыту.<br>Мақсаты: Қарды алысқа лақтыруға үйрету<br><br>Халық болжамы: Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады. | Сырғанаймын шаттана.<br>Тәрбиеші сұрақтары:<br>Қалай ойлайсыңдар, боран дегеніміз не? (қатты соққан желдің әсерінен ұшқан қардың бір-біріне араласуы)<br>Мұқият қараңдаршы қар не жағдайға ұшырап жатыр? (қарлар желдің бағытымен ұшып жатыр)<br>Боран кезінде неліктен күртік қар пайда болады? (қатты желдің әсерінен араласып ұшқан қарлар, алдында кездескен кедергінің әсерінен бір жерге жиналады, сондықтан күртік қар пайда болады)<br>Қалай ойлайсыңдар, боран болғаны жақсы ма, әлде жаман ба? (ағаш түптері жалаңаштанып қалуы, содан үсікке ұшырауы мүмкін, жиналған қарға малтығып, жүру қиындайды)<br>Зерттеу жұмысы<br>Келесі күні ауланы қарау. Түбі ашылып қалған ағаш түптерін іздеп табу.<br>Еңбек:  Бораннан соң ашылып қалған ағаш түптеріне қар үю.<br>Мақсаты:Бірлесе еңбек етуге, ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын | көмектесетін құйрығымен қанаттары бар екендігіне аударту. Көгершіндердің түстері және үлкендіктері әр түрлі болып келеді.<br>Еңбек әрекеті:<br>Тәрбиешімен бірге құстарға беретін қоректі даярлау.<br>Мақсаты:<br>Құстарды күтуде қолғабыс тигізу<br>Үлкендердің көмегімен құстарды қоректендіруге дағдыландыру<br>Қимыл қозғалыс ойындары:<br>«Бір,екі,үш жүгір!»<br>Мақсаты:<br>Белгі бойынша әрекет етуге үйрету<br>Жүгірудің шапшаңдығын арттыру<br>«мені қуып жет»<br>Мақсаты:<br>Кеңістікте шапшаң жүгіре білуге үйрету<br>Ептілігін арттыру<br>Шығарылатын материал:<br>Ойынға арналған бет перделер,құстарға арналған қорек,қарындаштар мен пішіндер. | қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау. Көркем сөз «Аядым»<br>М. Әлімбаев<br>Жауған күні қар алғаш,<br>Ағаштарды аядым.<br>«Тоңбасын»- деп бұл ағаш,<br>Орап қойдым аяғын.<br>Балаларға сұрақтар.<br>Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br>Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар)<br>Зеттеу жұмысы. Жазда бұта өскен жердегі қарды терендетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы мүмкін.<br>Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді. .<br>**Еңбек**:Жауған қарды ағаш түбіне үю.<br>*Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.*<br>Қимылды ойын<br>«Кім ағашқа бұрын жетеді?».<br>*Мақсаты:ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.*<br>Жеке жұмыс: «Затты тап».<br>*Мақсаты:*<br>Балабақша ауласын бағдарлай | бекітілген. Алдыңғы және артқы доңгелектерінің ортасында түкті доңгелек щетка айналып тұрады.<br>Олар неден жасалған? (темір сымдардан)<br>Олардың қылшықтары қандай? (қатты, тікенекті)<br>Ал, мына екінші машинаға назар аударыңдар, оның несі бар? (үлкен екі бұрандасы бар)<br>Бұл бұрандалар не істейді? (еттартқыш сияқты қарды іліп алады да, қарды алысқа лақтыратын желдеткіш астына апарады, ол қарды алысқа лақтырады)<br>Бұл машиналар несімен ұқсас? (екеуі де көшені қардан тазалайды)<br>♦қар тазалағыш машиналар көліктің қай түріне жатады? (арнайы көлік түрлеріне)<br>Зерттеу жұмысы<br>Қар тазалайтын машина мен «Жедел жәрдем» машинасын салыстыру<br>Еңбек Аланды қардан тазалау, қардан көше қиылысын құрастыру<br>**Мақсаты:**Бірлесе жұмыс істеуге, бастаған істі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мақсаты: ойын мазмұнына сай қимылдар жасау. | | Затты сипаттау бойынша табу. | Еңбек дағдыларына тәрбиелеу. |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***Ата –аналарғакеңес*** **Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.** | ***Ата –аналарға кеңес*** **Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.** | ***Ата –аналарға кеңес*** **- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт** | ***Ата –аналарға кеңес*** **Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.** | ***Ата –аналарға кеңес*** **- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз.** |

# Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Мектеп: №11 М.Окороков атындағы жоббм**
**Директордың оқу ісі орынбасары: М.Аукенбаева**
**Мектепалды даярлық**
**Балалардың жасы 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі 20-24 ақпан 2022-2023 оқу жылы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | . «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Балалардың достарына деген ыстық сезімдерін дамыту. Тәрбиешіге құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру Дидактикалық ойын«Бауда әлде бақшада?» Мақсаты: Балаларға көкөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы. Жол бойы не көргендері туралы жан-жақты әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға арналған ойындар ұйымдастыру.. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау | Жағымды жағдай орнату.Жақсы көңіл күймен балаларды қабылдау, Саусақ ойыны «Бақшадағы қызанақ пен қияр» Мақсаты: бақша туралы түсінік бере отырып қызанақ пен қияр көкөніс екенін ажырата білуге үйрету | Балалардың дене қызуын өлшеп қабылдау Тазалықтарына мән беру. Ата –анамен ауа-райына байланысты аурулардан сақтану жолын түсіндіру. Суретпен әңгіме: «Мен еңбекқор баламын» Мақсаты: Балаларды еңбекқорлыққа,сыпайылыққа, тәрбиелілікке баулу. |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | **Ата-аналарменәңгіме:** Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме**:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналарменәңгіме:** Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналарменәңгіме:** Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту. | **Ата –аналарменәңгіме:** Ата –аналарға балаларына көбірек уақыт бөліп,ертегілер айтып беруін,еркелету сәттерін кбірек ұйымдастыруын түсіндіру. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу | Жан-жануарларға мейірімді болу туралы пікірлесу, мақал- мәтел жаттау.Суретті кітапшаларды бояу. Үстел үсті ойыны | « Мейірімді қоян туралы әңгімелеп бер» Мақсаты: сөздік қорын дамыту. Байланыстыра сөйлесуге дағдыландыру. | «Сыйластық» туралы әңгімелесу.Мақсаты: сұрақтарға толық жауап беруге үйрету. | « Сөйлемді аяқта» Менің досым...............( сыпайы, қайырымды, ақылды, аққөңіл)Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету. | Д/О «Достық неден басталады»Шарты: мен сендерге достық туралы сөздер айтамын оған иә немесе жоқ деп шапшаң жауап бересіңдер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Мозайка»<br>Мақсаты: Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу | | | | |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Таңғы жаттығу кешені :Денені жалпы дамытатын жаттығулар жасау, қозғалмалы жаттығуды дұрыс орындауды қалыптастыру.** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Жүрегімде жылулық» ойыны**<br>**Шарты: балалар шеңбер бойымен тұрады, достарына жылы сөздерін айтады.** | **Сыпайы болу үшін қандай бала болу керек? Әңгімелесу, өз ойларымен бөлісу** | **« Менің досым»ойыны**Шарты: допты лақтырып, қағып алған баладан педагок досының қандай жақсы қылықтары барын сұрау, мақал- мәтел, тақпақ сұрайды. | **«Менің айтуым бойынша». Шарты: педагог бір баланы айтып сипаттайды. Соның қай бала екенін балалар айтады.** | **Не деп барып жеу керек?**<br>**Мақсаты:Адамгершілік,сыпайылық,мейірімділікке тәрбиелеу.** |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | **1 – ұйымдастырылған іс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы: Кеме (өлең)**<br>Міндеті:Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру.<br>Мақсаты: Көліктер, олардың түрлері, қолданылу аясы туралы түсінік беру,есте сақтау, танымдық қабілеттерін арттыру. Сөздерді түрлендіруге сыни көзқарасын және қызығушылықты дұрыс сөйлей білуге деген ұмтылысты тәрбилеу.Сөйлемде көпмағыналы сөздерін білуге жаттықтыру.Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу,өлеңнің мазмұнын дұрыс,рет-ретімен айту.<br>Жағымды көіл күй сыйлау.<br>Күннің көзі ашылсын<br>Көкке шуақ шашылсын | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы: Дыбыстық талдау**<br>Міндеті: Сөзге дыбыстық талдау жасату<br>Мақсаты: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту.Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.<br>**«Қызықты кубик-рубик» ойыны**<br>Балалар шеңберге тұрып кубик рубикты лақтырады,кубиктағы қимыл-қозғалысты жасайды.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы** қайталау.<br>1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>2) Дауысты дыбыстар<br>3) Дауыссыз дыбыстар | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>Дыбыстық талдау<br>Міндеті:Суреттерден дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді тауып сөйлем құрату,қатаң,ұяң,үнді дауыссыз дыбыстарды анықтау арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.<br>.Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру. Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту. Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі** арқылы қайталау. | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>**Біз нені үйрендік.**<br>Міндеті:Сөйлем құрай білулерін,сөйлем сызбасын сыза білулерін жетілдіру.<br>Мақсаты: Сөйлем туралы, сөйлеудің интонациялық – мағыналық бірлігі ретінде, түсініктерін қалыптастыру.<br>Сөйлем туралы түсінік беру, сұраулы сөйлемді айтуды үйрету, балаларды сөйлемнің сызбасын құруды жаттықтыру.<br>Ұсақ моториканы, сөйлеудің инто-националық мәнерлілігін,шыдамдылықтарын дамыту.<br>**Тәрбиеші:** Балалар, мен өлең оқыпберейн, сендер өлеңнің қай мезгілге арналғанын айтыңдар.<br><br>Айналымда ұшып жүр, | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы: Шықбермес Шығайбай ( қазақ халық ертегісі)**<br>Міндеті: Ертегіні ым-ишарамен сахналауға дағдыландыру.<br>Мақсаты: балаларды ертегінің мазмұнымен таныстыра отырып, мағынасын айтып түсіндіру; ертегінің тіл ерекшелігін, көркем сөздерін түсіну, ойлау әрекетін дамыту; ертегінің басты кейіпкерлерінің мінез-құлқына баға бере отырып, өз ойларын жеткізе білуге үйрету; балаларды адамгершілікке, имандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>Ендеше мен сендерге Алдаркөсенің басынан кешкен бір оқиға туралы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Төрімізге еніпті<br>Тәрбиеші:<br><br>Бүгінгі көңіл күйлерің қалай? Балалар жауабы:<br>Мектепке келуге асығасыңдар ма? Иә:<br>Мектепке қандай көлік түрлерімен келесіңдер?<br>Машинамен:<br>Көліктердің атқаратын қызметі қандай екен?<br>Жолаушыларды тасу<br>Суреттер арқылы көлік түрлерімен таныстыру.Жол көлігі,әуе көлігі, су көлігі,темір жол көлігі.Көліктермен жеке таныстырып,атқаратын қызметтерін түсіндіру.<br>Кеме өлеңі /Е Өтетілеуов/<br>Автормен қысқаша таныстыру. Өлеңді мәнерлеп оқып беру,<br>Балалардан өлең не жайында екенін сұрап, мәтінді ашып түсіндіру,<br>Сұрақтар қою арқылы жауаптарын тыңдау<br>Өлең жолдарын балалармен қайталау<br>**Тіл ұстарту жаттығуы:** Ме –ме-ме<br>Суда жүзді кеме<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Көліктер қалай жүреді?»<br>Машина қалай жүреді? — Жолда зулайды.<br>Қайық қалай жүреді? — Суда жүзеді. | 5) Дауысты дыбыс қызыл түспен,дауыссыз дыбыс көк түспен<br>6) Өкпеден шыққан ауаға ауыз қуысында қандай мүшелер кедергі жасайды?<br>– Балалар, тіл, ерін, тіс түбі, таңдай, кішкене тіл, иек, езу өкпеден шыққан ауаға кедергі жасайды екен.<br>**Дыбыстық талдау**<br>«Лақ» сөзіне дыбыстық талдау.<br>Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз.<br>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз.<br>Лақ сөзінде 1 буын, 3 дыбыс.<br>«Піл» сөзінің дыбыстық талдауы.<br>П – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз.<br>І– жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз.<br>Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз.<br>«Піл» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс<br>«Нан» сөзінің дыбыстық талдауы<br>«Н»- үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз.<br>үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз.<br>«А»- жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз. | бөлінеді?<br>2) Дауысты дыбыстар<br>3) Дауыссыз дыбыстар<br>4) Қандай түспен белгіленеді?<br>5) Дауысты дыбыс қызыл түспен,дауыссыз дыбыс көк түспен<br>Тәрбиеші, дыбыстық талдау жасаған кезінде сөздегі әр дыбысты анық айтуларына тапсырма береді.<br>«Лақ» сөзіне дыбыстық талдау.<br>Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түспен белгілейміз.<br>А – жуан дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз.<br>Қ – қатаң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз.<br>Лақ сөзінде 1 буын, 3 дыбыс.<br>«Піл» сөзінің дыбыстық талдауы.<br>П – ұяң дауыссыз дыбыс, көк түсті белгімен белгілейміз.<br>І– жіңішке дауысты дыбыс, қызыл түсті белгімен белгілейміз.<br>Л – үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз.<br>«Піл» сөзінде 1 буын, 3 дыбыс<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Партадағы саусақтар<br>Адымдайды, жүреді.<br>Өнерлі бұл саусақтар | Қалт-құлт еткен бейне бір,<br>Ақ қанатты көбелек.<br>- Өленде не туралы айтылған екен?<br>Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>- Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды?<br>- Мына суретке қарап әңгіме құрайық. Суретке қарап көргендеріңді өз қиялдарын мен толықтырып, әңгіме құрайды.Суретке қарап «Ажарлы қыс» деп ат қояды.Сөйлем туралы түсінік беру.Сөйлемдер хабарлы,сұраулы, лепті болып бөлінеді. Әр сөйлемнің өзінің тыныс белгілері бар. Хабарлы сөйлемнен соң нүкте қойлады. Қуанышты көңіл күйді білдіретін сөздерге леп белгісі қойылады, сұраулы сөйлемнен кейін сұрақ белгісі қойылады. Мысалы, Алақай! Алақай! Деген сөйлемнен соң қандай белгі қойылады?<br>- Қайдан келдің? Деген сөйлемнен соң қандай белгі қойылады?<br>Енді біз сөз, сөйлем деген не екенің білеміз.<br><br>**«Дауысты дыбысты сөз қос»** дидактикалық ойыны<br>– Мен сөз айтамын, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз жалғауларың керек, мағынасы бойынша ұқсайтын сөз болу керек.<br>Алма ...(үлкен), қой ... (арық), | таныстырамын.<br>Ертегіні мәнерлеп, мазмұнын балаларға түсінікті етіп оқып беру<br>-Алдаркөсе қулығымен, айласымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған. ***Сөздік жұмыс***<br>*Қу* – алдай алатын, айлакер адам. *Сараң* – ешкімге ешнәрсе бермейтін,тек өзін ғана ойлайтын адам.<br>Шығайбай қандай адам еді?<br>Шығайбай – сараң, ешкімге ас-су бермейтін, жақсылық жасамайтын адам. Ертегіні сахналап, рөлге бөліп ойнайды.<br>***Мақал жаттау***<br>«Берместің асы піспес, қазаны оттан түспес».<br>***Сұрақ-жауап***<br>-Шығайбайды Алдаркөсе қалай алдады?<br>Оның үйіне қонаққа кім келді?<br>Балалардың жауабы<br>Ертегіні сахналау |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Зымырайды, самғайды.<br>Пойыз қайтеді? —<br>Жүйткиді.<br>**Ән тыңдау**<br>«Жүрдек пойыз кетті» | түсті белгімен белгілейміз.<br>«Н»- үнді дауыссыз дыбыс, көк түсті белгі қоямыз.<br>**«Жалауша» дидактикалық ойыны**<br>– Балалар, мен сендерге дыбыс айтып, сол дыбысы бар сөздерді айтамын. Егер дыбыс сөз басында болса, қызыл жалаушаны, сөз соңында болса, көк жалаушаны, сөз ортасында болса, екі жалаушаны да желбіретесіңдер.<br>Мысалы: (Е) етік, керік, себет, серке, Берік, ет, ер, елік, текемет, ел, тер, Ерлан,<br>(Ә) әтеш, бәтеңке, бәсіре, бәліш, әтір, әңгелек, әміре, Кәмилә, Кәмшат, әйнек, мәсі т.б.<br>(Ұ) ұршық, ұлу, ұшақ, ұзын, құмыра, ұн, құндыз, құлып, Ұлжан, ұлпа, құс, ұрыс, ұрық, ұмыт, ұқыпты, құм т.б. | Ортаңғы мен сұқ саусақ<br>Түйеқұсты салады,<br>Төңкеріліп аспанға<br>Қоян да бола қалады.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Дауысты дыбыстарды ата». Ойын шарты: Педагог дыбыстарды айтып отырады, балалар дауысты дыбыс кездессе, қолдарын шапалақтайды. Дауыссыз дыбыс кездессе, тыныш отырады | (жапырақ), тәтті ... (ірімшік), сары ... (өрік), кішкентай ... (ұлу), әдемі ... (әтеш), жылы ... (етік), мықты ... (экскаватор), ұзын ... (уық), жаман ... (ит), пайдалы ...(кітап), мүйізді ... (жануар), ашты ...( алма) т.б. | |

**«Үй жануарлары»**

**Мақсаты**: Балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға,олардың қимылын,қалай дыбыстайтынын және дене мүшелерін суреттер,оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер**:үй жануарларының,төлдердің суреті.
**Ойын барысы**:Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі,олардың қалай аталатынын,қалай дыбыстайтын ын,қалай күтуге болатынын айтқызады. Сонымен бірге дене мүшелерін де атап,үй жануарлары туралы білетін жұмбақтарын шешкізеді

**"АЙЫРМАШЫЛЫҒЫН ТАП" ОЙЫНЫ**



**«Өзара айырмашылығын тап»**

**Мақсаты:**Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.
**Көрнекілік:** суреттер жинағы

**Шарты:**Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы: Тұқымнан не өсіп шығады.**<br>Міндеті:Балалардың өсімдіктердің көбеюі тәсілдері,оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар,өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту.<br>**Мақсаты:**<br>Балаларға өсімдіктердің тұқым арқылы өсіп – өнуі тәсілдері туралы түсінік беру.<br>Өсімдіктердің тұқымнан өсу, даму кезеңдермен таныстыру.<br>Өсімдіктерге сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу<br>**..Ой қозғау**<br>Жұмбақ жасыру.<br>Неткен көркем жасыл достар<br>Жомарт, адал, асыл достар<br>Ауамызды тазартады<br>Бөлмемізді жаңартады.<br>/бөлме өсімдік/<br>Тәрбиеші:Балалар,назарларыңды бейне сабаққа аударыңдар,сендерге тұқым ,өсімдіктер жайлы түсіндіретін боламын.Тұқымнан өсімдік қалай пайда болатынын,оның қалай көбейетінін,қалай күтіп баптау керектігі туралы айтылады.<br>Сұрақ - жауап.<br>1. Балалар сендер өсімдіктердің нешеге бөленетіндерін білесіңдер ме?<br>2. Жапырағы күзде сарғайып түсетін, жалпақ жапырақты | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>**Кім қайда тұр**<br>Міндеті:Кеңістікте орналасу туралы білімдерін кеңейту.<br>**Мақсаты:** Заттардың кеңістікте орналасуы ұғымдарымен танысады, заттарды сипаттау арқылы табуға үйренеді<br>**Қозғалмалы жаттығу**<br>Жоғары қарап ай көрдім<br>Төмен қарап жер көрдім<br>Оңға ,солға бұрылып<br>Егеменді ел көрдім<br>Тәрбиеші<br>- Балалар, біздің айналамыздағы заттардың бәрі неге ұқсайды екен?<br>- әртүрлі бағыттан да байқауға болатын ,қолға ұстап көре алатын пішіндерді қалай атаймыз? ( геометриялық денелер )<br>- Қандай геометриялық денелерді білеміз? Атап айтады.<br>- Геометриялық денелерге ұқсас қандай заттарды атай аламыз?<br>Балалар айналасындағы заттарға ұқсас заттарды атайды,жоғары,төмен орналасуын сипаттайды.<br>**Ойын**<br>**«Қарама-қарсы бағдарды ата»**<br>Алдында артында, жоғары | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: Үстінде – астында, алдында – артында, оң жақта –сол жақта**<br>**Міндеті:** Кеңістікте және қағаз бетіндебағдарлау білімін қалыптастыру.<br>**Мақсаты:** Балалардың кеңістікте бағдарлау дағдысын дамыту.<br>Заттардың орналасқан орнын ішінде, үстінде, астында, алдында, артында, жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта т. б. Ұғымдар арқылы айта білуге үйрету. Танымдық қабілетін жетілдіру.<br>Байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>**Жылулық сыйлаймыз:**<br>- Балалар, біз дөңгелене тұрып, бір – біріміздің жүзімізді көреміз, бір – бірімізге жымиямыз, жылы лебіздер айтамыз, осылайша қуанышқа бөленеміз.<br>Тәрбиеші кеңістікті бағдарлау арқылы сынып ішін бағдарлату.Балалар сынып бөлмесіндегі заттарды атап, олардың орналасқан жерін бір - бірімен салыстыра отырып, ажырату.<br>Мысалы: тақта сыныптың алдында, шкафтар | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы: Үстінде – астында, алдында – артында, оң жақта –сол жақта**<br>**Міндеті:** Қағаз бетінде бағдарлауға ,суретті сипаттау бойынша табуға үйрету.<br>**Мақсаты :** .Қағаз бетінде бағдарлау, карточкалардағы геометриялық фигуралардың орналасуын сипаттау.<br><br>**Ойын: «Көршіңді тап».**<br>Ұғымдарды меңгерту үшін «Ол жерде не жатқанын тап» ойыны ойналады.<br>Шарты: Заттың қасиетін сипаттайды.<br>**«Кім зейінді?» ойыны**<br>Педагог зейінге арналған ойынды ұсынады.<br>Тапсырманы түсіндіреді: - Қазір мен құрсауды жерге қоямын. Оған Меруерт тұрады, оның оң жағына Нұрлан, сол жағына ..., алдына ... тұрады. - Ал қазір балалардың әрқайсысы оң жақта (сол жақта, артта және т.с.с.) кім тұрғанын айтады. - Одан кейін педагог топтағы балалардан бір-біріне және сөйлеушіге Ортада, сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде, сол жақ, оң жақ, сол жақ бұрыш, оң жақ бұрыш, | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы: Қсімдіктерге өсу үшін не қажет?**<br>**Міндеті:**Өсімдіктердің тірі ағза екенін өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Мақсаты :** Балаларға өсімдіктердің тұқым арқылы өсіп – өнуі тәсілдері туралы түсінік беру.<br>Өсімдіктердің тұқымнан өсу, даму кезеңдермен таныстыру.<br>Өсімдіктерге сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу. Байқағыштыққа, өз ойларын анық, сауатты түрде жеткізе білуге үйрету, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**«Ой қозғау» әдісі**<br>Бұтақта ілініп тұрамын,<br>Піскенде себетке құладым (Жеміс).<br>Өсірдім ұлпа қар,<br>Шешуін кім табар? (Мақта).<br>Ашулы қонақ бұл анық,<br>Тонын шешсе, жыладық (Пияз).<br><br>Өсімдік дегеніміз не? Неліктен оны жанды табиғат бөлігі деп атай- мыз? (Өсімдік дегеніміз – құрлықтың барлық жерінде өсетін, суда да кездесетін түрлері бар, тыныс алатын, қоректенетін жанды табиғат бөлігі) Бұл жұмбақтардың барлығын не біріктіреді? (Бәрі де өсімдіктер жайын- да.)<br>Тәрбиеші:Өсімдіктер туралы бейнетаспа көрсету.<br>Өсімдіктің жерүсті бөлігі – жер астында қалған бөліктен жыл сайын жерүсті бөлігі өсіп шығады. Олар: |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| ағаштарды атаңдаршы?<br>3. Мәңгі жасыл болып тұратын жапырағы ине тәрізді ағаштар ше?<br>4. Өсімдіктердің екінші тобына жататын қандай бұталарды білесіңдер?<br>5. Өсімдіктердің үшінші тобына жататын шөптерді атаңдаршы?<br>6. Өсімдіктер тірі табиғатқа жата ма?<br>- Өсімдіктер жақсы өсіп, құлпырып, біздерге өздерінің алуан түрлі әсемдігін сыйлау үшін қандай жағдай керек?<br>- Дұрыс, күтімі дұрыс болса өсімдіктер жақсы өседі, өнеді, көбиеді.<br>-«Өсімдік өсу үшін топырақ жылы әрі ылғалды кезде, тұқым ісініп, жарылады, тамыр жаяды, топырақтың бетінде өскін пайда болады. Нәзік, жасыл өскін жарыққа ұмтылады. Бірінен кейін бірі екі жапырақшасы пайда болады. Жас жапырақтар өсімдікке қоректенуге көмектеседі. Гүлдері пайда болады. Оның орнын кейін ішінде тұқымы бар жеміс басады.<br>**Қимыл қозғалыс жаттығуы**<br>Айналсын деп гүлдерге<br>Тұқым септік бұл жерге<br>Жерге тамыр тастады<br>Гүлім өне бастады<br>Жапырағы жайқалып<br>Үлкен гүлге айналып<br>Соғып еді самал жел<br>Ары бері шайқалып.<br>**Дидактикалық ойын** | төмен, үстінде астында ,оң жақта ,сол жақта.<br>Балалар қимыл іс-әрекеттерімен көрсетеді.<br>Балаларға мағынасы бойынша қарама-қарсы сөздерді айтады.( Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, биік-аласа, үлкен-кіші т.б.)<br>**Қимылды дидактикалық ойын «Кім қайда тұрады?»**<br>Шарты : Балалар қолдарында берілген құстардың суретіне қарап ,олардың үйлеріне арнайы қиғаш жолдармен тауып барады. Екі жол: күлгін және жасыл түсті жолақшалармен жапсырмалаған. Бағдар бойынша сызықтармен жүре отырып қолдарындағы суретті үйшікке жапсырады.<br>. Өзіндік жұмыс . «Сәйкес жолақшаларды орналастыр»<br>Балалар өзбетімен жұмыс істейді. Өрнектің элементтері қалай орналасқаны туралы айтады.т.б.<br>Берілген сандарға қарай ұзынды-қысқалы жолақшаларды қағаз бетінде ораластырады және оны түсіндіреді. | артында, терезе сол жақта, есік оң жақта орналасқан.<br>**Ойын: «Көршіңді тап».**<br>Шарты: Оң ,сол,асты,үсті кеңістікті бағдарлау және ажырату.<br>**Дидактикалық ойын «Кімнің қайда тұрғанын тап»**<br>Әртүрлі заттар мен ойыншықтарды пайдалана отырып, қайсысының қайда орналасқанын анықтайды. Мысалы: түлкі қуыршақтың алдында, қуыршақ қоянның оң жағында т. с. с.<br>**Дидактикалық ойын «Не өзгерді?»**<br>Үстелдің үстінде бірнеше зат жатыр. Балалар заттың қалай орналасқанын естеріне сақтап қалады. Содан кейін көздерін жұмады. Сол кезде бір - екі заттың орны ауыстырылады. Мысалы: мысық қоянның оң жағында тұрды, қазір сол жағында. | сол (оң) жақ төмен? сұрағы сөздері мен тіркестерінің мағынасын меңгерту. Педагог заттарды көрсеткен орындарға орналастыруды тапсырады (жоғарғы оң жаққа, төменгі сол жаққа және т.б.),<br>Балаларға боямақтар беріледі, суретке қарайды, заттарды бояйды, олардың қайда орналасқанын түсіндіреді.<br>Ал одан кейін кері операция орындайды – суретте бейнеленген затты тауып, осы зат орналасқан бағытқа сілтейтін көрсеткішті бояйды. Қағаз парағында бағдарлану білігін пысықтау үшін балаларға практикалық тапсырмалар беріледі: «қызыл дөңгелекті жоғарғы оң жаққа, көкті төменгі сол жақ бұрышқа орналастырыңдар».<br>Балалардың тапсырманы орындағаннан кейін қандай да бір заттың орналасқан жері туралы айтуы маңызды. | сабақ және жапырақ. Жапырақ тыныс алу, ал сабақ – арқаулық, тасымалдаушы қызметті атқарады. Өсімдіктің жерасты бөлігі – тамыр. Тамыр – өсімдікке қоректік заттарды тасымалдаушы, өсімдікті топыраққа берік орнықтырушы, көбеюге қатысатын негізігі бөлігі. Жеміс – тұқымды сыртқы ортаның қолайсыз жағдайларынан сақтайтын, өсімдіктің таралу мүшесі.<br>**«Бау-бақша» ойыны.** Көп карточкалардың ішінен бір өсімдіктің суреті бар карточканы алып, сызба бойынша өсімдіктің бөліктерін, олардың қызметін сипаттайды.<br><br>**Бақылау іс-әрекеті.** «Әртүрлі жағдайдағы өсімдік тіршілігін бақылау». Өсімдіктің бірін жарық, екіншісін қараңғы бөлмеге қойып, бақылау жүргізу. Өсімдікке қажетті жағдайлар болмаса, оның өсіп жетілмейтінін түсіндіру.<br>**Тапсырма,сызба арқылы жұмыс**<br>Өсімдік бөліктерімен танысады (1-тапсырма).<br>2. Өсімдік өсіп, дамуы үшін не қажет екенін белгілейді (2-тапсырма). Түймедақты бояйды (3-тапсырма).<br>**Ойын «Кім жылдам?»** .<br>Педагог екі балаға тапсырма береді, олар жылдам сол тапсырманы орындаулары керек. Мысалы резеңке, кішкентай аю ойыншығын әкел. Үлкен, жұмсақ қоян ойыншығын әкел.<br>Сәуле балаларға сұрақ қояды: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: Ағаш өсімдіктерімен,гүл өсімдіктерін ажырата білу,әдемілікке,қоршаған ортаны қорғауды тәрбиелеу | | | | керек? Балалар өз ойларын айтады |
| **Үзіліс:** | | | | | |

Қимылды ойын:
**« Күн мен түн »**
**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.
**Ойын мазмұны:**
Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіскежетеді.

Қимылды ойын:« Көги гөк »
**Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.
**Ойын мазмұны:** Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап:
Гөк, гөк, көги көк,
Гөк, гөк, көги гөк.
Гөк, гөк, көги гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді.
Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады.
Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді.
« Кемпір»
Әлгің қайда?
Қалды сайда!-деп сұрайды.
Балалар бәрі бірдей.
Әлгің қайда?-
Қалды сайда!-депжауапбереді.
Олайболсасендердіңбіріңдіалыпқ аламын, деп « кемпір» балаларға бас салады.
Балалартізбегінжазбайқашажөне луікерек.
Қолғатүскенбіреуін « кемпір» қасынаалыпқалабереді.
Ойынбарлықбалалардытүгелұста пболғаншақайтажалғасабереді.

Қимылды ойын:
**« Аққу-қаздар »**
**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.
**Ойын мазмұны:** Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді.
**Бақташы:** Қаздар, қаздар, қаңқылдап,
Барасыңдар қай жаққа.
Қаздар: Айна көлі жалтылдап,
Жатқан жасыл аймаққа.
Бақташы: Біздің жерге түсе кет,
Түсіп сусын іше кет.
Қаздар: Сіздің жерге түсеміз
Түсіп сусын ішеміз.
Бақташы: Болсын онда жол жайлы!
Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды,
Жолды тосып тұр сұр қасқыр.
Бақташы: Олай болса, қалаған,
Жақтарыңа бар аман.
Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4

Қимылды ойын:
**« Шарлармен алмасу »**
**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.
**Ойын мазмұны:**
Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады ( біреуі оңға, біреуі солға ұсынады ).
Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде
балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады.
Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...,» деп дауыстайды.
Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталанады.
Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады

Қимылды ойын:
**« Кішкене өзен арқылы »**
**Мақсаты:**
Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу
**Ойының шарты:**
Ойынғабір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңдабір-бірінен 1,5-2м қашықтықтаекісызықсызылады. Бұлөзен. Ойнаушыларсызықтыңжанында-өзеннің жағасындатұрады.
Оларөзенненанықсызылғандөңгелектерар қылыаяғынсуламай, тастан-тасқасекіріпөтуікерек.
Дөңгелектердіңарасыныңқашықтығыбала лардыңоларғабірінен-бірінесекіреалатындайболуыкерек.
Өзеннеңқатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандарытәрбиешіменбіргеолардыбақы лаптұрады. Секіреалмай, аяғынсулапалғандары оны күнгекептіругекетеді-орындыққаотырады.
Кейіноларойынғақайтыпараласады, тәрбиешіолардықалайболса да мақтап, жағаныңекіншіжағынаөтугекөмектеседі.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Еліміздің астанасы - астана<br>Міндеті: Астана қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.<br>Мақсаты: Астана қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.<br>сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.<br>Тәрбиеші:Балалардың назарын тақтадағы суреттерге аударады.Астана қаласы,Елтаңба,Рәміздер туралы түсінік береді және суреттермен байланыстырып балалармен сөйлемдер құрайды.<br>Сұрақ жауап әдісі<br>Мемлекеттік Рәміздерді ата? (Мемлекетіміздің рәміздері: гимн, ту, елтаңба).<br>– Мемлекеттік Елтаңбада не бейнеленген? (Шаңырақ, күн шуақтары, тұлпар, жұлдыз бейнеленген)<br>– Мемлекеттік Елтаңбаның авторы кім? (Жандарбек Мәлібеков, Шот-Аман Уәлиханов). Интербелсенді | **Қазақ тілі**<br>**Тақырыбы:** Еліміздің астанасы - Астана<br>**Міндеті:**Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру,тақпақ жаттау.<br>**Мақсаты:**<br>Қазақ тіліндегі сөздер мен сөй лемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жат тықтыру байланыстырып сөйлеуді дамыту.<br>Жағымды көңіл күй сыйлау<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым,<br>Жарқыраған күнге!<br>**Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақтар – Сәуле мен Арман келеді.**<br>Сәлеметсіздер ме?!<br>Қуыршақтар хат алып келеді.<br>Педагог: Қараңдаршы, бізге хат келіпті (ішінде алдын ала салынған балалардың атааналарының сурет<br>– Қандай керемет, мына суретте кім бар?<br>Бала отбасы мүшелерінің фотосуреттерін тауып, олар туралы әңгімелейді.<br>Жаңа сөздермен таныстыру.<br>– Аға –. А-а – аға. Мынау кім?<br>– Мынау – аға.<br>– Әпке –Ә-ә – әпке. Мынау кім?<br>– Мынау – әпке. | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Кеме (өлеңі)<br>**Міндеті:** Көліктер ,олардың түрлері туралы түсінік беру.<br>**Мақсаты:** Көлік түрлері жайлы білімдерін қалыптастыру. Атқаратын қызметіне және жүретін ортасына қарай (әуеде, жерде, суда) топтастыруға үйрету..Көліктердің пайдасы және зиянды жақтары туралы білімдерін жетілдіру.Шығармашылыққа баулу.<br>Мотивациялық оятушылық кезең<br>Армысың,көк әлем,<br>Армысың,күн шуақ,<br>Армысың,достым,<br>Армысыздар ,қонақтар.<br>«Ой қозғау»стратегиясы<br>Көшедегі қимыл-қозғалысты апаттық жағдайдан реттеп тұратын құрал? (Бағдаршам)<br>Қызыл көзі нені білдіреді?<br>Сары көзі нені білдіреді?<br>Жасыл көзі нені білдіреді?<br>Бейне таспадан «Көліктер »атты фильмді тамашалап , жаңа тақырыпты ашу.<br>-Бейне фильм нелер туралы?(Көліктер)<br>Қандай көліктерді көрдіңдер ата?<br>Тәрбиеші:Бүгінгі сабақта көліктер және оның | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** : Шықбермес Шығайбай<br>( қазақ халық ертегісі)<br>**Міндеті:**<br>**Міндеті:** Ертегі баяндауда эпитет,теңеу сөздерді қолдануға үйрету.<br>**Мақсаты:** Балаларға ертегінің мазмұнымен таныстыра отырып,мағынасын айтып түсіндіру<br>Ертегінің басты кейіпкерлерінің мінез-құлқына баға бере отырып,өз ойларын жеткізе білуге үйрету..ертегінің тіл ерекшелігін,көркем сөздерін түсіну.ойлау қабілеттерін дамыту<br>Тәрбиеші: Сендерге ертегі тыңдаған ұнай ма?-Ендеше мен сендерді Алдаркөсенің басынан кешкен бір оқиға туралы қызықты ертегімен таныстырамын.<br>Ертегіні мәнерлеп,мазмұнын балаларға түсінікті етіп,оқып беру.<br>-Алдаркөсе қулығымен,айласымен адамдарға жақсылық жасап,көмектесіп отырған.<br>Сөздік жұмыс:<br>қу-алдай алатын,айлакер адам.Сараң-ешкімге | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>**Тақырыбы:** Қысқы табиғат<br>**Міндеті:** Балалар бойында байқағыштық,қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету.<br>**Мақсаты:** Балалардың шығармашылық қабілеттерін ,сурет салу қызығушылығын дамыту.Қысқы табиғат ерекшеліктерін ,әсемдігін сезініп,оны бейнелей білуге үйрету.<br>**«Ой қозғау »әдісі**<br>Қыста ғана болады,<br>Ұстасаң қолың тонады,<br>Ол не?<br>Қар жауғанда топ бала<br>Соқтық келіп аққала<br>Мұрын - сәбіз, ұп - ұшкір,<br>Көзі - көмір, қап - қара<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>- Қыс айларында табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>- Ендеше боран соққанды қимылмен қалай көрсетеміз?<br>- Үскірік аяз болып тоңғанда не істейді?<br>- Ал, күн шыққанда не істейсіңдер? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қаласы бойынша түсінгендерін ,балалардан сұрау.<br>Айман- Астана – біздің Астана. Мынау – Астана қаласы. Мынау – көше. Астанада көшелер көп.<br>– Көше таза. Көшелер таза.<br>– Мынау – үй. Үй – үйлер.<br>– Биік үй. Биік үйлер.<br>– Әдемі үйлер.<br>– Мынау – Бәйтерек. (Түсінік беріледі).<br>Бәйтерек әдемі.<br>Мынау – ескерткіш.<br>Мынау – үш би ескерткіші.<br>Астана – жаңа қала.<br>Астана қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза», жаңа сөздерін қолданып, жауап береді).<br>Астана – жаңа қала.<br>Астана– әдемі, таза қала<br>Тәрбиеші:.<br>Балалар сөздерді, сөйлемдерді педагогтен кейін қайталап, жаттығады.<br>Ойын: «Жалғастыр».<br>Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау.<br>Қа…(қала)<br>Кө… (көше)<br>Та… (таза)<br>Астана – жаңа… (Астана – жаңа қала.)<br>Астана – … ( Астана таза қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)<br>Сурет бойынша әңгіме құра. Астана– қандай қала? | – Мынау – іні.. Мынау кім?<br>– Сіңлі, сің-лі.<br>– Қарындас, қарын-дас.<br>– Мынау кім?<br>– Мынау – қарындас.<br>Педагог балаларды менің есімдігімен таныстырады.<br>Өзі айтады: Менің қарындасым. Менің сіңлім. – Қарындасың бар ма?<br>– Сіңлің бар ма?<br>– Менің сіңлім/қарындасым бар.<br>– Сенің ағаң бар ма?<br>– Менің ағам бар.<br>– Сенің әпкең бар ма?<br>– Менің әпкем бар.<br>– Сенің отбасыңда неше адам бар?<br>Балалар сөздерді, сөйлемдерді жеке және хормен қайталайды.<br>**Тақпақ жаттау**. Тәрбиеші отбасы мүшелерін қайталап, тақпақты бірге қимылмен жасап, жаттауды ұсынады.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз,<br>Басбармақ – әкем,<br>Балаң үйрек – анам,<br>Ортан терек – ағам,<br>Шылдыр шүмек – мен,<br>Кішкентай бөбек – сен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>Мақал-мәтілдерді жаттап ал.<br>Отан отбасынан басталады.<br>Баланың бас ұстазы – ата-ана.<br>**Дыбыстық жаттығу** | көліктердің пайдасы және зиянды жақтары туралы білетін боласыңдар.<br>Көлік<br>-Көлік сөзі қандай дыбыстан басталып тұр?(К) -К дыбысы қандай дыбыс? (дауыссыз дыбыс )<br>-Көлік сөзін буынға бөл?<br>Жұмбақ шешу:<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр.<br>(Автобус)<br>Жерде жүрер жөні жоқ,<br>Судан басқа жолы жоқ.<br>(Қайық)<br>Төбесінде ебелек,<br>Ұшады ол керемет(Тікұшақ)<br><br>**Топтастыру стратегиясы (жұптық жұмыс )**<br>а)Қоғамдық көліктерді атаңдар?<br>ә)Арнайы көліктерді атаңдар?<br>Б) Көліктердің пайдалы жақтарын атаңдар?<br>в) Көліктердің зиянды жақтарын атаңдар?<br>г) Көлік ішінде қандай мінез - құлық ережелерді сақтауымыз керек?<br>д)Көліктерді жүргізетін маман иелерін атап жіберейік<br>**Суретпен жұмыс**<br>Көліктің жетпей тұрған бөлігін бояу« **Паравоз** »<br>**Мақсаты:** Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге,өлең жолдарын | өзін ғана ойлайтын адам.<br>Шықбермес Шығайбай қандай адам еді?<br>-Оның үйіне қонаққа кім келді?<br>Ертегі желісі бойынша Алдаркөсе мен Шықберместің сөздерін қайталату.<br><br>Ермексазбен мүсіндеу жұмысы<br>Кейіпкерлерді мүсіндеу.<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Жануардың дауысын сал».<br>Қасқырдың дауысын сал – у-у-у-у.<br>Ешкінің дауысын сал – бе-е-е.<br>Қойдың дауысын сал – мә-ә-ә.<br>Педагог ертегіні қуыршақ театры арқылы сахналауды ұсынады.<br>Сиқырлы қоржыннан алған ертегі кейіпкерлерінің суреті бойынша рөлдерге бөлінеді. Қалған балалар көрермен болады. Сахналау аяқталғанда көрермендерге бастарын иеді. Көрермендер қол шапалақтайды | қысқы табиғаттың ерекшелігін айтамыз.Ол не?<br>**Суретсалу**<br>Балалар ақ сия мен көк сияны араластырамыз сол кезде көкшіл түске айналады.<br>- Осы сияны қағазға тамызып оны түтікшемен үрлейміз.<br>- Сол кезде қар кесегінің суреті дайын болады.<br>**«Топқа бөлу» дидактикалық ойыны.**<br>Шарты: тақтада қысқы киімдер, қысқы құралдар, қысқы ойындар. Суреті ілініп тұрады. қысқы киімдер, қысқы құралдар, қысқы ойындартиісті белгілерді жанына орналастырады.<br>Мақсаты: қысқы табиғат көрінісін бейнелейтін сөздерді айтқызу. Қысқы табиғат көрінісін, қысқы ойын түрлерін атау.<br>Қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>...<br>Көрме ұйымдастыру<br>Балалар салған суреттерін тақтаға іледі,суретті тамашалау арқылы өз-өздерін бағалайды. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | [illegible]<br>. Жаттап ал./ А. Асылбеков/<br>Астанамыз – жас қала, Жас та болса – бас қала. Күндеп өсіп келеді,<br>Гүлдеп өсе береді.<br>Дидактикалық ойын: «Жалғастыр»<br>Ойынның шарты: ойынды бастаушы сөздің бірінші буынын айтады, басқа балалар жалғастырып, сөз құрайды. Сөйлем құрауға жаттықтыру үшін бірінші сөзі айтылады.<br>Бұл ойынды екі топ болып ойнауға да болады. | [illegible]<br>Ә-ә-ә – әже Ә-ә-ә – әке<br>І-і-і- ің-іің – сің-лі.<br>**Мақал-мәтел**<br>Отан отбасынан басталады.<br><br>Баланың бас ұстазы – ата-ана.<br><br>**Жеке жұмыс** жүргізеді.<br>Мақал-мәтілдердің мазмұнын түсіндіреді. Балалар қайталайды. | [illegible]<br>**Мазмұны:** Қатар-қатар тұрайық,<br>Кәне, кәне, сұрайық.<br>Кімнің болса бойы ұзын<br>Паравозы пойыздың<br>Кімнің, апай, бойы ұзын<br>Паравозы ол пойыздың?Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Сол бала<br>паравоз болып алда тұрады.<br>Ал қалғандары соның артынан ұстап тұра бастайды.<br>Ал, паравоз баста алға,<br>Бәрімізді басқар да!<br>Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік<br>Жүрісті біз гулетіп<br>Жүрісті біз гулетіп<br>Гу-гу, гу-гу, гуілдеп<br>Қалып қойма бірінде<br>Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік<br>жүрісті біз үдеттік | | |

| | | |
|---|---|---|
| [illegible]<br>Мақсаты: түстерді қайталау, оларды шатастырмауға дағдыландыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер.<br>Ойын барысы: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер таратылады, олар түсін атайды. Белгіден кейін балалар дөңгелектердің түсіне сәйкес шеңберге тұрады.<br> | [illegible]<br><br> | [illegible]<br>Мақсаты:<br>Балаларға әр турлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбек-сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары:<br>мозаика ойыншықтары.<br>Ойынның барысы:<br>Тәрбиеші мозаика бейнеленген көрнекіліктерді (ойыншықты) көрсетіп, бұл-мозаика деп аталатынын, одан геометриялық пішіндер, заттар құрасытруға болатынын айтады. Балаларға өрнектердің түсі үйлесімділігіне көңіл бөліп, заттардың пішініне сәйкес орналастыра білуге бағыт беріледі. |

**4 - ұйымдастырылғаніс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>Ғарышқа саяхат<br>Міндеті:Сапта бұзбай бірінші,екінші деп санауға үйрету,Бір қолмен допты еденге оғудыүйретуді жалғастыру. Мақсаты: Балалардың денсаулығын сақтау, жүгіру, секіру, лақтыруды қалыптастыру. Денені тік ұстау, тепе - теңдік | **Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>Менің туыстарым<br>Міндеті:- Әуенге ілесе отыры,ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру<br>**Мақсаты:** Балаларды достыққа, бірлікке, татулыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы көңіл күйді көтеруге тарту.<br>***Жағымды көңіл күй***<br>Қуан шаттан алақай!<br>Қуанатын кез келді.<br>Күліп шықты күн бүгін, | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>Ғарышқа саяхат<br>**Міндеті:** Допты алақанды ашып қағып алу,кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру,еденге бір қолмен допты соғуды дағдыландыру.<br>**Мақсаты :** Допты жүргізуді қайталау және допты беруге үйрету.<br>Оқушылардың жылдамдық, ептілік қабілеттерін дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы:**<br>Ғарышқа саяхат<br>Міндеті: Жүріп келе жатып биіктігі20 см әр түрлі , заттан рет-ретімен секіріп өтуді,шапшаң сермеп лақтыру,секіргенде жартылай бүгілген аяқпен жұмсақ түсуді бекіту.<br>Мақсаты : Бір қатар сапқа тұруға үйрету.<br>ә). Негізгі қасиеттерді – шапшаңдық, ептілікті дамыту.<br>б). Секіруді,жүруді үйрету. | **Музыка**<br>**Тақырыбы:**<br>Менің туыстарым<br>**Міндеті:**Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту.<br>**Мақсаты :** Музыкалық шығарманы тыңдап, қабылдауға, айырмашылықтарын ажыратуға үйрету. Әуенге әсерлену, ырғақтық, динамикалықесту қабілеттерін дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жалпақтабандылықтың алдын алу. Дұрыс демалу жүйесін қалыптастыру.<br>Бой сергіту жаттығу<br>Жалқаулықты тастаймыз<br>Жаттығуды бастаймыз<br>Қиынсынып қашпаймыз<br>Шынығамыз жастай біз<br>Б. қ тік тұру<br>2. Қол жоғары ға көтеріп түсіру.<br>брет<br>3. Қолды жанға көтеру<br>4. Б. қ келу<br>Музыка ырғағымен тізені сәл бүгіп, жан - жаққа бұрылу<br>1. 1. Б. қ тік тұру<br>2. Қолды жоғары көтеріп<br>3. Қол соғу<br>4. 4. Б. қ келу<br>5.Допты қолға ,алып еденге соғу.<br>6.Допты бірі біріне ,лақтыру,тосып ал<br><br>***« Күн мен түн»***<br>***Мақсаты:*** Балалардыептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br>***Ойын мазмұны:*** Балалар бірі « Күн» , екіншісі « | Бәріміз бір-бірімізбен татумыз, доспыз. Әрқашан бірге ойнаймыз. Қазір ойналатын музыка не туралы, соны мұқият тыңдаңдар.<br>**Ән тыңдау:**<br>**«Достық»** (музыкасын жазған И.Нүсіпбаев, сөзін жазған Е.Елубаев).<br>-Барлығымыз бір аспанның астында бақытты өмір сүрудеміз, сондықтан бір бірімізбен дос болуымыз керек.<br>**Ән үйрену: «Тату доспыз бәріміз»** (музыкасын жазған Е.Меңдешев, сөзін жазған Ф.Оңғарсынова).<br>-Ән айтар алдында алдымен ережелерді еске түсірейік. Денені тік ұстап, қолды тізенің үстіне қойып, дауысты қатты шығармай, бір-бірін тыңдап айту.<br>Әннің мәтінін оқып, бір шумағын қайталау. Музыка жетекшісі әнді әуенімен айтқызады.<br>**Әуенді-ырғақты қимыл: «Серуендейміз, билейміз»** (музыкасын жазған А.Тоқсанбаев)<br>Балаларды екі-екіден қол ұстасып, еркін қимылмен серуендеп жүргізу. Әуен өзгергенде бір біріне бұрылып, қолдарын белдеріне қойп, аяқты топылдатқызу.<br>Келесі әуенде қол ұстастырып, шыркөбелек | Оқушыларға доппен орындалатын жаттығулар арқылы ойындарға қызығылушылықтарын арттыру.<br>Жүру жаттығулары:<br>Қол жоғары, аяқтың ұшымен жүру.<br>Қол белде, өкшемен жүру.<br><br>Жеңіл жүгіру.<br>Оң (сол) бүйірмен жүгіру.<br>Аяқы артқа шығарып жүгіру.<br>Қол артқа өкшені биік көтеріп жүгіру.<br>Спорттық жүріске көшу.<br>Бос жүру.<br>Демді қалпына келтіру жүру.<br>Жалпы дамыту жаттығулары<br>Бқ. Қол белде басты оңға (солға) айналдыру<br>БҚ. Қол иықта, иықты алға (артқа) айналдыру<br>БҚ. Қол алда алақан жұмырдыққа түйілген жұмырдықты ішке (сыртқа) айналдыру. Шынтақты айналдыру, қолды алға (артқа) айналдыру.<br>БҚ. Қол белде белді оң (солға) айналдыру<br>Оқушыларды төрт топқа бөлу.<br>Допты жүргізу.<br>Доптың бағытын және жылдамдығын өзгертіп жүргізу. | Б.қ: негізгі тұрыс.<br>1-қолды екі жаққа созу:<br>2-Қолдарды жоғары көтеріп, қол шапалақтау;<br>3- қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты сәл ашып, қолды белге қою.<br>1--қолды екі жаққа созу:<br>2-алға иіліп, қол шапалақтау;<br>3- түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: аяқты иықтың деңгейінде қою, қолды белге қою;<br>1- қолды екі жаққа созу;<br>2-алға иілу, оң аяқтың тізесінің астында қол шапалақтау;<br>3- түзу тұрып, қолды екі жаққа созу;<br>4- бастапқы қалып.<br>Б.қ: негізгі тұрыс, қолды белге қою.<br>1-отыру, қол шапалақтау;<br>2- тұру , бастапқы қалыпқа оралу.<br>Негізгі жаттығу.<br>1.Заттар арасынан ретімен секіу.<br>2.Аяқты бүгіп секіріп,сол қалпында қайта түсу.<br>**Қ/ойын: «Тақия тастамақ»**<br>**Мақсаты:** балалардың қимыл –іс әрекетін дамыту, мәнерлі де , мәнді жасауға үйрету.<br>**Қозғалмалы ойын:Тақия тастамақ** | ұғымды түсіндіріп, үлкен-кішіге деген сыйластыққа баулу.<br>**Санамақ:**<br>Кел, санайық санамақ,<br>Саусақтарды даралап.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Кел, санайық екеуміз.<br>Бас бармағым – атам,<br>Балаң үйрек – әжем.<br>Ортан терек – әкем,<br>Шылдыр шүмек – анам.<br>Кішкене бөбек – мен.<br>Бір үйде біз нешеуміз?<br>Бір үйде біз бесеуміз.<br>Тәрбиеші:«Менің туыстарым»<br>Туысқандар туралы әңгімелеу. Туыстарына өлең-тақпақтар арнау.<br>Атам менің әманда,<br>Әдепті жан бол деген.<br>Ата сөзі санамда,<br>Жасы үлкенге жол берем.<br><br>**«Менің туыстарым» ойынын ойнау.**<br>Туысқан ағашына туысқандардың суреттерін орналастырып қою. Балалар көздерін жұмған сәтте, бір отбасы мүшесін алып тастап, балалар кімнің жоқ екенін табады. Осылай ойын екі үш рет қайталанады.<br>Ойынға ерекше қатысып отырған балалар марапатталады.<br>**Музыка тыңдау:** «Ата толғауы» Н.Тілендиевтің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | [illegible] бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді<br>**« Аңшылар мен қояндар »**<br>**Мақсаты:** Балаларды қоян болып секіруге, аңшыдан қорғануға үйрету. **Ойын мазмұны:** Алаңның бір жағына аңшы, келесі жақта қояндарға орын белгіленеді. Әрбір үйде 2-3 қоян болады. Белгі бойынша қояндар үйінен шығып, жайылымда қос аяқтап, секіріп жүреді. Тәрбиеші: « Аңшы» дегенде қояндар үйлеріне жүгіреді. Аңшы бала оларға | [illegible] қимылдауға үйрету.<br>**Әуенді-дидактикалық ойын:** «Ырғағын ажыратады», «Итальяндық полька» (С.Рахманинов), «Бесік жыры» (Халық әні), «Жалаушамен жаттығу» (Е.брусиловский) музыкалары ойналып, ырғағын ажыратуға тапсырма береді.<br>**Ойын:**<br>**НЕ ҚАЛАЙ ДЫБЫСТАЙДЫ?**<br>Құстар.<br>Суреттерге қарап, қай құс қандай дыбыс шығаратынын анықтап, олардың қимылдарын келтіріп, музыкамен қимылдау.<br>**Ойын:МУЗЫКАЛЫҚ ҮЙШІК**<br>Педагог үйшікті көрсетіп, онда әртүрлі аспапта ойнайтын музыканттар тұратынын айтады.<br>Ойын шарты: Педагог жабылғыштың артында тұрып музыкалық аспапта ойнап әндетеді. Аспан үнін таныған бала аспаптардың суреті бар карточканың сәйкесін алып, үйдің бір бос әйнегін жабады. Осылайша барлық терезелер талың жабылуы керек.<br>Мақсаты: Аспаптардың тембрін ажырата білу. | [illegible] тұсынан серіктесіне беру<br>Әр топтан бір – бір оқушы серіктесіне допты беру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет)**<br>Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады<br>**Ойын:Қарағайлы ормандағы аю »**<br>**Мақсаты:** Жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>**Ойын мазмұны:** Алаңның бір жағына аюдың іні сызылады. Екінші жағына үй белгіленеді, онда балалар тұрады. Тәрбиеші інде отырған аюды таңдап алады. Тәрбиеші « балалар», серуендеуге барыңдардегенде балалар үйден шығып орманға барады.Олар хормен мына өлеңді айтады.<br>Аю жүрген орманнан<br>Жидек тереуге мен<br>Барғам,Аю отыр гүрілдеп, | [illegible] тұрғызады. Әуен ойнап тұрады. Педагог тақияны алып балалардың артында жүреді. Әуен тоқтағанда тақияны екі баланың ортасына тастайды. Балалар орындарынан тұрып шеңбер бойымен бір-біріне қарама-қарсы жүгіреді. Тақияны кім бірінші алса, сол жеңімпаз.<br>**Қ/ойын: «Күн мен жаңбыр»**<br>**Мақсаты:** Балаларды жеңіл , бір-бірімен соқтығыспай жүруге , өрмелей білуге , жылдам барып өз орнын таба білуге машықтандыру.<br>«Күн» дегенде балалар жүгіріп, ойнап көңілді болып жүреді. «Жаңбыр жауды» деп педагог қолшатырды ашқанда балалар жаңбырдан тығылып оның астына жиналады. Осы тұста балалар бір-біріне қолшатыр астына кіруге мүмкіндік жасауларын қадағалау керек . | күйі.<br>«Ата толғауы» күйін тыңдатып, шығармаға аннотация жасау.<br>Шығарманың көңіл күйін «бұлт пен күнге» теңеу арқылы табу.<br>**Ән айту:** «Ақ мама» Ә.Бейсеуовтың әні.Алдымен балаларға әнді орындап беру, түсіндіру, үйрету. (Дауыс жаттығуы)<br>Әнді бірнеше рет қайталатып, есте қалуға ықпал жасау.<br>Әннің ойнақы, жүрдек екпінін сезініп, ән мазмұнын түсініп, орындауға тырысады.<br>**Дидактикалық ойын:** «Өз жұбыңды тап». Балалар берілген жарты бейнелер бойынша ортада еркін билеп жүріп, өз жұбын табу.<br>**Музыка тыңдау:** «Әке толғауы» Ж.Енсеповатың күйі.<br>**Қ/ойын:Кім артық?**<br>Шарты:Ортаға 3орындық қойылады және 4 бала шығып,әуен ойналғанда билейді.Әуен тоқталады,бала орындыққа отырады,тұрып қалған бала ойыннан шығады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | доп лақтыра ды.Доп тиген қояндар атылған болып саналады. Аңшы оны өзіне алып кетеді. Ойын бірнеше рет қайталанады. | | Жарамайды мұның,- деп,Гүрілдеп» дегенде аю балаларды қуады.Аю кімге жетсе, сол ұсталған болады. Үйдің сыртынан асып кеткен балаларды ұстауға болмайды. | | |
| **Серуенге дайындық** | **Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау.** | **Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау** | **Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау** | **Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау** | **Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Балалардың киіну реттілігін бақылау, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау** |
| **Серуен** | ***Жаңа түскен қарды бақылау.***<br>**Мақсаты:**<br>**Қыс туралы түсініктерін қалыптастыру**<br>**Қысқы әсем табиғатқа серуен барысында эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.**<br>**Бақылау барысы:**<br>**Ауыл алды ақша қар**<br>**Ақша қарда балалар**<br>**Соғып жатыр аққала**<br>**Біреуі әйнек ойыпты**<br>**Біреуі есік қойыпты**<br>**Өздеріне шақ қана.**<br>**Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды.**<br>**Қазір қандай жыл мезгілі? (қыс)**<br>**Неге? (Өйткені айнала аппақ** | ***Аула сыпырушының қысқы еңбегін бақылау.***<br>**Мақсаты:**<br>**Үлкендердің еңбегі туралы білімдерінт кеңейту**<br>**Олардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу**<br>**Бақылау барысы:**<br>**Тәрбиешілер балаларға сұрақтар қояды.**<br>**Аула сыпырушыға қыста қандай еңбек құралдары керек? (күрек,сыпырғыш, шелек)**<br>**Ол қыста қандай жұмыс істейді? (жолдағы қарды тазалайды)**<br>**Аула сыпырушының еңбегі қажет пе? (Балабақша ауласы таза болуы үшін керек)** | ***Шырша ағашын бақылау.***<br>**Мақсаты:**<br>**Шырша ағашымен танысу**<br>**Балалардың сөздік қорын толықтыру**<br>**Бақылау барысы:**<br>**Балаларды шыршаға жақын апарып, ол туралы тақпақ, жұмбақтарын еске түсіріп айту.**<br>**Басқа ағаштар қыста жалаңаш тұрғанда,ал шырша қысты күні ерекше сұлу екендігін аңғарту.**<br>**Шыршаны қашан болмасын тамашалап қарауға болады.**<br>**Себебі ол әрқашан жап жасыл.**<br>**Шырша өте пайдалы ағаш,ол ауаны тазартып,денеміздің сау болуына көмектеседі.**<br>**Жасыл желек жамылған** | ***Қардағы іздерді бақылау.***<br>**Мақсаты:**<br>**Қардағы іздерді ажырата алуға үйретуді жалғастыру,ересек адаммен баланың,жануарлар мен құстардың іздері,**<br>**Бақылау барысы:**<br>**Жаңа жауған қар аппақ ақ мамық ұлпа сияқты,сондықтан кез келген із жақсы көрінеді.**<br>**Оған қарап кімнің жүргенін,ұшып келгенін ажыратып айтуға болады.**<br>**Балаларға ауладағы қардың үстінде кімнің ізін көріп тұрғандарын** | ***Жаяу адам жүретін жолды бақылау.***<br>**Мақсаты:**<br>**Көшеде жүру ережелері туралы түсінік алу.**<br>**Бақылау барысы:**<br>**Балаларды серуенге шығару.**<br>**Оларға жолда жүру ережелері туралы әңгімелеп айту, жаяу адамдар жүретін жолға назар аудару. Тротуармен қалай жүру керектігі жайлы түсіндіру.**<br>**Балабақшаға келісімен,балалардан көшеде өздерін қалай ұстағандары жайлы сұрастыру. Тағы да бір рет көшеде жүру ережелерін қайталап айту. Қыс мезгілінде тротуарды қар жабады,** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | [illegible]<br>Қардың түсі қандай? (Аппақ)<br>Қар жауған кезде ауа ирайы жылы болды ма? (егер қар жауған кезде ауа райы өзгерсе,онда қардың пішіні де өзгереді)<br>**Еңбек әрекеті:**<br>Ауладағы қарды тазалау.<br>**Мақсаты:**<br>Күрекпен қолдана алуды әрі қарай жалғастыру.<br>**Қимыл қозғалыс ойыны:**<br>«Қар атысу»<br>**Мақсаты:**<br>Көздеп ату қабілеттерін арттыру. | Еңбек әрекеті:<br>Ауланы қардан тазалау.<br>**Мақсаты:**<br>Аула сыпырушыға тратуарды қардан тазалауға көмектесу.<br>**Қимыл қозғалыс ойындары:**<br>«Аю апанында»<br>**Мақсаты:**<br>Бірін бірі итермей жүгіре алуға жаттықтыру. | [illegible]<br>Инелері тағылған<br>Қандай сұлу шыршамыз!<br>**Еңбек әрекеті:**<br>Ауланы қардан тазарту.<br>**Мақсаты:**<br>Күректі дұрыс қолданып,көрсетілген жерге дейін қарда апара алу<br>Бастаған істі аяғына дейін жеткізу<br>**Қимыл қозғалыс ойындары:**<br>«Түзу жолмен»<br>**Мақсаты:**<br>Биік емес бөрене үстімен жүріп,екі аяқты бүге отыра секіруге үйрету.<br>«Қу түлкі»<br>**Мақсаты:**<br>Ептілігін,шапшаңдығын дамыту. | [illegible]<br>қалдыру. Ересек адамның ізімен кішкентай баланың ізін салыстыру.<br>**Еңбек әрекеті:**<br>Қардан қуыршаққа қалай үй жасауға болатынын көрсету.<br>**Мақсаты:**<br>Үйдің үлкендігін қуыршақтың үлкендігімен салыстыру<br>Ақырын асықпай есік,терезесін ойып алу<br>**Қимыл қозғалыс ойындары:**<br>«кешігіп қалма»<br>**Мақсаты:**<br>Орындық астынан түзу және қырындап еңбектеп өте алуға үйрету. | [illegible]<br>керек.<br>**Еңбек әрекеті:**<br>Жолдағы қарды күрекпен тазалау<br>**Мақсаты:**<br>Көпшіліктің көмегімен тапсырманы орындай алуға үйрету.<br>**Қимыл қозғалыс ойыны:**<br>«кім алыска?»<br>**Мақсаты:**<br>Бірінің қолынан бірі ұстап жүгіре алуға,тәрбиешінің белгісін тыңдай алуға үйрету. |
| **Балаларды үйге қайтару** | ***Ата –аналаргакеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.<br>***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. | |

## Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

**Мектеп: №11 М.Окороков атындағы жоббм**
**Директордың оқу ісі орынбасары: М.Аукенбаева**
**Мектепалды даярлық 0 «А» сыныбы**
**Балалардың жасы 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі 27 – 28 ақпан 01-03 наурыз 2022 - 2023 оқу жылы**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| | Балаларды қабылдау<br>Демалыс күндерін қалай өткізгендерін сұрау<br>Тазалық шараларын жүргізу.<br>Кітап бұрышына саяхат: «Мен зерек баламын»<br>Мақсаты: Түрлі кітаптармен балаларды қызықтыра білу,қызығушылығын арттыру,ойларын ашық айтуға және білімділікке тәрбиелеу | 1 «Суреттер құрастыру»<br>Мақсаты:<br>Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру.<br>Ойын атрибуттары:<br>көлік түрлеріне, әр түрлі ертегілерге байланысты суреттер.<br>Ойынның барысы:<br>Балалар үстел үстіндегі әр түрлі суреттердің қиықтарынан (текшелерінен) бір мазмұнды сурет құрасытырады. Сурет не | «Жұбын тап»<br>Мақсаты:<br>Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары:<br>жеміс-көкөніске байланысты текшелер.<br>Ойынның барысы:<br>Ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойын бастайды. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды.Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді. | «Кесте бойынша ойын»<br>Мақсаты:<br>Балалар білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту. Аталған ертегілердің мазмұнын, атын және 10-ға дейін санай білу. Балаларды тапқырлыққа, зейінді болуға тәрбиелейді.<br>Ойын атрибуттары:<br>ертегілер сандар мен белгіленген үлкен кесте (фишкалар) белгілер.<br>Ойынның барысы:<br>Үстел-үстіне ертегілер бейнеленген және оны сандармен белгілеген кестені жайып қояды. Ойынға 2 немесе 3 бала қатысады. Кесте бойынша белгіні қоя отырып, санды және ертегінің атын айтады. Осылай келесі бала ойнайды. | «Көкөністер-жемістер лотосы»<br>Мақсаты:<br>Жемістер мен көкөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсінктерін кеңейту. Олардың аталуын, бір-бірінен айырмашылығын, адам аулығына маңызын білу. Ойын атрибуттары:<br>Көкөністер, жемістер суреті.<br>Ойынның барысы:<br>Балалар айналаны танып біледі және ойын ойнау барысында жаңа көкөніс-жеміс түрлерін үйренеді. Көкеніс-жемісті танып біледі және оларды топтастыра алады.<br>Карточканы соған сәйкес келетін суреттермен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жайында екенін әңгімелеп айтады. | | | толтырады |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:** Балалардың тазалығына көңіл бөліңіз. | **Ата-аналарменәңгіме:** Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз. | **Ата-аналармен әңгіме:** Балаңыздың кемістіктерін бетіне басып, басқа балалармен оны салыстырмаңыз. | **Ата-аналарменәңгіме:** Жас мөлшері әртүрлі адамдармен дұрыс қарым-қатынам жасауға үйретіңіз. | **Ата –аналарменәнгіме:** Баланың әрір жетістігі үшін мақтап отырыңыз. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.** «Суреттерді орналастыр» Ойынның мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. | **«Нан дастарханға қалай келеді?»** Мақсаты: Бидайды қалай өсіру және одан нанды қалай жасау жөніндегі балалардың білімдерін толықтырып жүйелеу. Диқаншылардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. Сөздік қорын толықтыру: майдалау, себу, диқаншы, комбайн, элеватор, диірмен. Көрнекіліктер: егін даласына қажетті суреттер Ойын шарты: Жүргізушінің белгісінен кейін бос тор көздерді жарыса отырып, қажетті суреттермен толықтыру. | **«Жапырағына қарай ажырат»** Мақсаты: Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру. Сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. Көрнекіліктер: әр түрлі жапырақтар Ойын шарты: жапырақтарды салыстыру, қай ағаштың жапырағы екенін табу. | **. «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»** Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер. Ойын барысы: Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір - бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. | **Үстел үсті ойыны – пазл: «Бидай»** Комбайнмен бидайды, Былай, былай жинайды. Қаптап ұшқан торғайдан, Оны қалай қорғайды? Қаптап ұшқан торғайдан, Оны былай қорғайды. Кіш, кіш, кіш... Қорғап қалған бидайды, Қамбаға әкеп жинайды. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңғы жаттығу денені жалпы дамытатын жаттығуларды жаңылмай жасау.. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | .Аппақ қар<br>Жауды,міне қар аппақ,<br>Айналаның бәрі аппақ.<br>Жасырыпты жолдарды,<br>Тегістепті оларды. | «Адал дос» әңгіме<br>Мақсаты:Балаларға ертегі мазмұнын зейін қойып тыңдауға үйрету,адалдыққа,мейірім | Жұмбақтар<br>Тікен, тікен, тік біткен.<br>Қысы, жазы бір түсте.<br>(Шырша)<br>Қолы мен қаламы жоқ, | Санамақ айту.<br><br>"1" дегенім - бөрік,<br>Кисең бойға көрік.<br>"2" дегенім - етік, | Жаңылтпаш<br>Арқада алты арқар бар,<br>Қыркада қырық арқар бар.<br>Қырық арқарда ақ арқар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Үстін жауып көлдердің,<br>Бетін бүркіп белдердің.<br>Жастық етіп тауды асқақ,<br>Жантайыпты жамбасты | дыққа тәрбиелеу. | (Аяз)<br><br>Қыста шыны боп қатады,<br>Жылыды су боп жатады.<br>(Мұз) | "3" дегенім - ішік,<br>Теріден тігер пішіп.<br>"4" дегенім - тымақ,<br>Қыста кисең жылы - ақ.<br>"5" дегенім - байпақ,<br>Іші жылы тайпақ. | Алты арқарда марқа арқар бар |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **1 - ұйымдастырылғаніс-әрекет** | | | | |
| | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** Кім ақылды? (әңгіме)<br>**Міндеті:**Сөздерде неше дауысты дыбыс болса,сонша буын болатынын түсіндіру<br>**Мақсаты:** : Дауысты, дауысыз дыбыстар туралы білімдерін бекіту. Әңгімені тыңдап, өз ойларын еркін айтуға үйрету<br>Кім ақылды?<br>Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден:<br>Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан:<br>Мен соған бола | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Біз нені білдік?<br>**Міндеті:** Қатаң ,ұяң, үнді дауыссыз дыбыстар туралы алған білімдерін пысықтау<br>**Мақсаты:** Сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету, оқушыларға дыбыс түрлерін қатаң ,үнді, ұяң дыбыстарды табу,сөз, сөйлем туралы ұғымдарын кеңейту. Оқушылардың ойлауын, сөздік қорларын дамыту.<br>**«Буындардан сөз құрау» ойыны.**<br>А+ та, і+ ні, ә+ке, ә+же, а+ға, ба+ла, мек+теп, са+бақ, са+бын , ба+қа бал+та.<br>**«Кім көп біледі?» дидактикалық ойыны.**<br>Ойынның бірінші кезеңінде балалар дыбыстарды айтып жасырады. Екінші | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Біз нені үйрендік, нені білдік?<br>**Міндеті:** Сызбаға сәйкес сөйлем құрауға ,сөздер ішінен мағнасына қарай артық сөзді таба білу дағдыларын жетілдіру.<br>**Мақсаты :** Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Суретке бойынша сөйлем құрауға, байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>Өзі сондай нәзік,<br>Су құйсақ кетеді.<br>Алақанынжазып.<br>Шешуі: гүл.<br>Педагог гүлдің суретін көрсетіп тұрып, гүлге байланысты бірнеше сөз құрастыруын сұрайды.<br>- Гүл. Өсті. Әдемі. Бақ.<br>- Дұрыс. Енді осы сөздерді бір-бірімен байланыстырып айтып көрейік.<br>- Бақта әдемі гүл өсті.<br>Педагог осы сөздерді қатыстырып, сөйлем | **Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:** Дыбыстық талдау<br>**Міндеті:** Дыбыстық талдауды үйретуді жалғастыру..<br>**Мақсаты :** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.<br>Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі дыбыстың орнын анықтай алу, дағдыларын бекіту.<br>Артикуляциялық жаттығу жасату арқылы әдемі сөйлеуге баулу.<br>**«Сұрақ-жауап» әдісі** арқылы қайталау.<br>1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>2) Дауысты дыбыстар<br>3) Дауыссыз дыбыстар<br>4) Қандай түспен белгіленеді?<br>5) Дауысты дыбыс қызыл түспен,дауыссыз дыбыс көк түспен<br>6) Өкпеден шыққан ауаға ауыз қуысында қандай мүшелер кедергі жасайды?<br>– Балалар, тіл, ерін, тіс түбі, таңдай, кішкене тіл, иек, езу | **Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** Көктем (Төлеген Айбергеновтің өлеңі)<br>**Міндеті:** Өлеңді жаттау арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.<br>**Мақсаты** Төлеген Айбергеновтың «Көктем» өлеңін оқи отырып, сөздердің мағыналарын түсіндіру. Өлеңнің мазмұнын айтқызу арқылы табиғатқа деген қамқорлық, сүйіспеншілік сезімін ояту.<br>Доп лақтыру арқылы сұрақтар қою<br>-Кемпірқосақ деген не?<br>-Оның түсі қандай?<br>-Тағы қандай табиғат құбылыстарын білесіңдер?<br>-«Ой ашар»<br>«Ұйқасын тап»<br>Қар су болып жөнелді<br>Қалды дала жалаңаш<br>Күн нұрына кенелді<br>Бүршік атты бар ағаш<br>-Өлең қай мезгіл туралы? |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді.<br>Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды.<br>Балалар, сендерге әңгіме ұнадыма?<br>Әңгіме кімдер туралы?<br>Екі бала не істеп жүр еді?<br>Олар неге таласты?<br>Екі баланың қайсысы ақылды екен?<br>Неге ақылды, қай іс әрекетіне қарап ақылды екенін білдің дер?<br>Әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген әр сөздерді буынға бөліңдерші?<br>**Ойын: «Қажетті әріптерді орнына қой»**<br>Сөздер берілген сол сөздердің арасында бір әріптері жоқ соған қажетті әріптерді орын - орнына қойып шығуыңыз керек. | құрастырып айтады. Көп сөз құраған бала жеңімпаз атанады.<br>**«Кім алғыр» дидактикалық ойыны**<br>– Балалар, алдарыңда көк түсті төртбұрыш, дөңгелек, үшбұрыш бар. Мен сендерге дауыссыз дыбыстарды айтамын, сендер дыбыс қатаң болса, көк төртбұрышты, ұян болса, көк дөңгелекті, үнді болса, көк үшбұрышты көтересіңдер.<br>Мысалы: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, һ, ф, х, ц, ч, ш, у<br>**Ойын «Сөз құра»**<br>-Мен сендерге суреттер көрсетем осы суретке қарап сөз құрап жазу керек. Осы суретте ай мен гүл салынып тұр. Қандай сөз болады? Кім барып тақтаға жазады.<br>**Гүл+нұр**<br>**Гүл+ сім**<br>**«Кім шапшаң сөйлем құрайды?» дидактикалық ойыны.**<br>Шарты: педагог балаларға заттардың атын айтады, балалар аталған сөзді қатыстырып, сөйлем | қалай құрастыру керектігін, яғни жасалу жолын үйренетіндіктері найтады.<br>Жетекші сұрақтар қояды.<br>- Гүл қайда өседі?<br>- Гүл бақта өседі.<br>- Бақта қандай гүл өсіп тұр?<br>- Бақта әдемі гүл өсіп тұр.<br>- Енді осы сөздерді біріктіріп айтайық.<br>- Бақта әдемі гүл өседі.<br>- Сөйлем бірнеше сөзден құралады. Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен байланысып тұрады. Сөйлем аяқталған ойды білдіреді.<br>«Кім көп біледі?» дидактикалық ойыны.<br>Ойынның бірінші кезеңінде балалар дыбыстарды айтып жасырады. Екінші кезеңінде дыбыстардан сөз құрастырып айтады. Көп сөз құраған бала жеңімпаз атанады.<br>Дидактикалық ойын: «Қай буынды жоғалттым?»<br>Бәріміз ойынға жақсы араласып, белсенділік танытайық.<br>-Мен қазір сендерге бір буын айтамын,сендер сөздің соңғы буынын табасыңдар<br>Ша-............<br>Қа-............... | жасайды екен.<br>Артикуляциялық жаттығу жасау. (айнаға қарап отырып жасайды)<br>**«Тиістісін көтер» дидактикалық ойыны**<br>Педагог дауысты жуан және жіңішке дыбыстарды айтады, балалар қандай дыбыс екенін ажыратып, дауысты жуан дыбысқа сары түсті дөңгелекті, дауысты жіңішке дыбыстарға қызғылт сары түсті дөңгелекті көтереді. Мысалы: жуан дауысты дыбыстар – а, о, ұ, ы, у;<br>жіңішке дауысты дыбыстар – ә, ө, е, э, і, и, ү, у.<br>**Д/о: «Жоғалған буынды тап»**<br>**Шарты**: Тақтаға ілінген жоқ буындарды тауып,орнына қою | алдарыңа не елестейді?<br>-Ойымызға не келеді?<br>Әуеден алтын сәуле қарға құлап,<br>Жанданды жазды көріп жарғақ лақ.<br>Жүгірді айдын-айдын айна бұлақ<br>Орғылап ойдым-ойдым ойға құлап.<br>Бұлт жөңкіп айдалаға аспан көшкен,<br>Тынымсыз дүние тулап астан-кестен.<br>Сенің де дәл осындай күндерің бар,<br>Адамзат көктемі үшін бастан кешкен. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | соңында шапшаң әрі көп сөйлем құрастырған бала жеңімпаз атанады | | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ**<br>**Ойын:***Жүретін саусақтар.*<br>**Мақсаты:**Саусақтарын жүргізе отырып,саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.<br>**Керекті құралдар:** Суреттері бар кітапшалар.<br>**Шарты:**Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады. | **Үзіліс :**<br> | **Үстел үстінде ойналатын ойындар.**<br>**Ойын:«Жуылмаған жемістер»**(5-10 мин)<br>**Мақсаты:**Балалардың мәдени – эстетикалық талғамдарын байыту,жемістерді атай алу және олардан қандай тағам жасай алуға болатынын үйрету.<br>**Керекті құралдар:**Кез-келген жеміс(сәбіз,картоп),қатты ысқыш,шұңқыр ыдыс.<br>**Мазмұны:**Ортаға үстел қойып,сол үстел үстіне әкелген сәбіз бен картопты көрсетеміз.Одан кейін оны щеткамен қалай жууға болатынын көрсетеді.Балаларды кезек-кезек шақырып алып,оларға жемісті жуғызып,артынан сол жемістерден салат жасалады. |

**2 - ұйымдастырылғаніс-әрекет**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:**<br>Аквариумда не тіршілік етеді?<br>**Міндеті:**.Аквариумда не тіршілік ететінін түсіндіру<br>**Мақсаты:** Аквариум және балықтар туралы түсінік беру. Ұсақ қол қимылдарын, ойлауын, сөздік қорын дамыту. Балықтарға қамқорлық жасауға, | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Үстінде – астында, алдында – артында, оң жақта – сол жақта<br>**Міндеті:**Талдау, салыстыру қарапайым тұжырымдар жасауды бекіту.<br>**Мақсаты:**Үлкен – кіші, ұзын-қысқа, қарама – қарсы заттардың өлшемімен шамасы бойынша салыстыру.<br>**Тәрбиеші:** | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Жыл мезгілдері. Жыл айлары<br>**Міндеті:** Уақыт бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.<br>**Мақсаты:** Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. Апта күндерін, жыл мезгілдерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуге үйрету. Уақыт ұғымдары | **Математика негіздері**<br>**Тақырыбы:** Жыл мезгілдері. Жыл айлары<br>**Міндеті:**Жыл мезгілдерінің реттілігі туралы білімдерін бекіту.<br>**Мақсаты:** Балаларды жыл, жылдың 4 мезгілі(әр мезгілде 3 ай), 12 ай туралы түсініктерін қалыптастыру,<br>.Балалардың жыл | **Қоршаған орта**<br>**Тақырыбы:** Жайлау. Киіз үйдің құрал-жабдықтары<br>**Міндеті:**.Жайлау,киіз үйдің құрлысы және оның ішкі жихаздары түсіндіру<br>**Мақсаты :**.Киіз үй жабдықтарымен таныстыру.Киіз үйді ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға болатындығын,киіз үй |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оятып, адамгершілікке тәрбиелеу.<br>**Жағымды көңіл күй орнату**<br>Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты Жарқырайды қаламыз. Жайнай түсті даламыз.<br>Жарайсыңдар, балалар<br>**Жұмбақ шешу**<br>Аяғы жоқ жүрмейді, Қанаты жоқ ұшпайды (балық)<br>Ал, балалар, бүгін біз балықтар туралы білетін боламыз. Ал сендер, балықтың қандай түрлерін білесіңдер? Балықтар-негізінен суда тіршілік етеді. Жүзу жағынан олар өзге жануарлардан асып түседі. Балықтар өкпе арқылы емес, желбезек арқылы тыныс алады. Сендер балық аулап көрдіңдер ме? Бүгін біз балық аулайық. Ол үшін бізге не керек? Дұрыс айтасыңдар балық аулау үшін қармақ қажет.<br>**«Балық аулау» ойыны.**<br>Балалар, мына шыны ыдыс аквариум деп аталады. Мұнда балықтың түрі көп. Олар үнемі адамның қамқорлығында болады. | өлшемдері болады, олар: заттардың түсі, көлемі, биіктігі, қазір біз заттарды осы өлшемдері бойынша ажыратуды, салыстыруды үйренеміз, тапсырмалар орындаймыз.<br>Тақтаға суреттер ілінеді,суреттерді салыстыру арқылы тұжырымдар жасайды.заттардың көлеміне,үлкен,кішісіне қарай салыстыру<br>Дидактикалық ойын: «Өз түсіңді тап»<br>Мақсаты: заттардың түстерін ажырату, заттарды түсіне сәйкес топтастыру біліктілігін арттыру.Шарты:балаларға түстері, пішіні, көлемі әр түрлі геометриялық пішіндер таратылады.<br>**Д/О Зат неге ұқсайды?»**<br>Мақсаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.<br><br>Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**« Кім жылдам»** | **Суретпен жұмыс**<br>Балалар мынау жылдың қай мезгілі<br>Балалар : Жаз мезгілі.<br>Жаз мезгілінің айлары маусым, шілде, тамыз.<br>- Жаз мезгілінде қандай өзгерістер болады? (балалардың жауабы)<br>Күз мезгілінің айлары Қыркүйек, қазан, қараша.<br>- Балалар күз мезгілінде қандай өзгерістер болады? (балалардың жауабы)<br>Қыс мезгілінің айлары желтоқсан , қаңтар , ақпан.<br>- Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады? (балалардың жауабы)<br>Көктем мезгілінің айлары наурыз сәуір , мамыр.<br>- Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? (балалардың жауаб<br>Жұмбақ шешу<br>Жаңылмастан жетеуі,<br>Кезек қызмет етеді.<br>Балалар жауабы:/Аптаның жеті күні/<br>Тәрбиеші : Жарайсыңдар балалар енді осы апталарды өлеңдетіп жаттап алайық.<br>« Аптада неше күн бар?»<br>Бір аптада неше күн бар? - Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, | күндері туралы білімдерін бекіту.<br>Д/О «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету.<br>**Тақпақ**<br>**«Еріншектің аптасы»** өлеңін оқып бере отырып, соған сәйкес қимылдар жасату.<br>**Д/О«Артық сөзді ата»** дидактикалық ойыны.Мақсаты: балалардың есту, ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту. Жыл мезгілі, ай аттары, апта күндері білімдерін бекіту және нақтыла<br>**Дидактикалық ойын**<br>**«Сиқырлы пішіндер»**<br>Білмеспектің өзі ұсынған пішіндерден үй құрастырып беруін сұрайды. Берілген пішіндерден түрлі заттар құрастыру .<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Қандай пішінге ұқсайды?»**<br>Карточкаларды таратады суретке қарап қай сурет | айтып,балалардың еске сақтай білу қабілеттерін дамыту.<br>**Санамақ айту.**<br>Бір дегенім – бақан,<br>Ағашты шапқан атам.<br>Екі дегенім – есік,<br>Көздері бар тесік.<br>Үш дегенім – үзік,<br>Дөдеге басқан тізіп.<br>Төрт дегенім – түндік,<br>Түндікті оннан түрдік.<br>Бес дегенім – басқұр,<br>Кереге басын бастыр.<br>Сұрақ – жауап.<br>- Біз не туралы санамақ айттық?<br>- Киіз үй жабдықтарын айтайық<br>- Дұрыс айтасыңдар, балалар! Киіз үй – кереге, уық, шаңырақтан – тұрады.<br><br>- Оларды бір сөзбен не деп атайды?<br>Кереге-киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі.<br>**Үй жиһаздары:**<br>**Абажа**-тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі.<br>Ағаштан жасалып, киізбен, былға -рымен қапталған.<br>**Кебеже**-сұр ет,құрт,шай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Аквариум техникалық<br>құралдармен жабдықталған.<br>Онда арнайы жылытып,<br>жарық түсіретін құрал<br>болады. Балықтарға адамдар<br>жем береді. Оны арнайы<br>дүкендерден сатып аламыз.<br>Аквариумдағы балықтардың<br>дене бітімі кіші болады.<br>Оны адамдар тағам ретінде<br>қолданбайды.<br>Аквариумдағы балықтардың<br>түсі әртүрлі болады | Ойынның мақсаты: заттарды<br>өлшемі бойынша салыстыруға,<br>жуан және жіңішке заттарды<br>ажыратуға жаттықтыру. Ойлау<br>қабілетін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары:<br>үйдің, есіктің суреттері.<br>Ойынның мазмұны: қағаздан<br>қиылған, есігі жоқ үйдің суретін<br>балаларға тарату. Жуан және<br>жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне<br>сай келтіріп салуды ұсыну.<br>Ойынның мақсаты: заттарды<br>өлшемі бойынша салыстыруға,<br>жуан және жіңішке заттарды<br>ажыратуға жаттықтыру. Ойлау<br>қабілетін дамыту.<br>**«Үйдің есігін жабайық»**<br>Мақсаты: заттарды өлшемі<br>бойынша салыстыруға, жуан және<br>жіңішке заттарды ажырата алу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары:<br>үйдің, есіктің суреттері.<br>Ойын барысы: қағаздан жасалған<br>есіктері жоқ үйлерге сәйкесінше<br>түсіне қарап есігін табу. | [illegible]<br>**Тақпақ**<br>**«Бұл қай кезде болады**<br>Ұйқымыздан тұрамыз, Беті<br>қолды жуамыз. Әкемізге ереміз,<br>Бақшамызға келеміз. (Бұл қай<br>кезде болады?) (Таңертен)<br>2. Сабақ оқып, ойын ойнап,<br>Серуендеп қайтамын.<br>Тамағымды ішіп, Түсте ұйықтап<br>жатамын. (Күндіз)<br>3. Біз тәртіпті баламыз, Сабақты<br>да оқимыз. Серуенге шығамыз,<br>серуендейміз. (Түс )<br>4. Ұйқыдан тұрып, Беті қолды<br>жуып, Төсекті жинап, Таза ауа<br>жұтып, Кешкісін үйге қайтамын.<br>(Бесін)<br>5. Күн батады қызарып,<br>Анамызды күтеміз.<br>Бұл қай кез. (Кеш )<br>6. Үйге келіп кино көріп,<br>Ойыншықтарды жинастырып,<br>Беті – қолды жуып, Тісімді<br>тазартып, Ұйықтауға жатамын.<br>(Түн ) | [illegible]<br>табуды сұрайды, .ұқсас<br>пішінді және суретті<br>қосуды ұсынады.<br>Сұрақтар қояды.<br>- Қай сурет дөңгелекке<br>ұқсайды?<br>- Сағат қандай пішінге<br>ұқсайды?<br>- Үйдің төбесін неге<br>үшбұрышпен қостыңдар?<br>Ойын барлық баламен<br>жүргізіледі | [illegible]<br>жасап, өрнек теген үй<br>жиһазы.<br>**Төсеніштер:**<br>Алаша,киіз,сырмақ.<br><br>**Д/О Дидактикалық**<br>**ойын:«Ұзын-қысқа»**<br>Мақсаты: заттарды<br>салыстыру, қысқасын табу,<br>ұзынның атау.<br>Ойынның құрал-<br>жабдықтары: ұзын және<br>қысқа жолақтар<br>Ойын барысы: Балаларға<br>ұзын және қысқа жолақтар<br>беріледі. Балалар<br>жолақтарды салыстырады.<br>Үстіне қою әдісін<br>қолданады. Ұзын жолақты<br>атайды. Үстедің үстіне<br>жолақтардың ішінен ұқсас<br>жолақтарды табуға<br>тырысады. |
| | | | **Үзіліс:** | | |

**ойын:«Көше»**

***Мақсаты:*** Балаларға бағдаршамның атқаратын жұмысын, автобусқа міну, көшеден өту ережелерін үйрету.

***Жағдаят:***

**Бағдарламалық мазмұны:**

1.Балаларға көліктердің түрлері, жүргізушілердің еңбегі және көше қозғалыстарының ережесі туралы түсінік беру. Көше ережелерінің белгілерін түсінуге, ажырата білуге үйрету, көше қозғалыстарының ережелері жайлы білімдерін кеңейту.

2.Көше қозғалыстарының негізгі ережелеріне бағына білуге тәрбиелеу. Ойын атрибуттарын жасау, реттеушіні, жаяуларды, жүргізушілердің рөлін ойнауды үйрету.

**Атрибуттар:** түрлі көліктер, коляскалар, велосипедтер, бағдаршам, белгілер, реттеушінің жұмыс киімі, жаяуларға арналған белгілер, жаяулар, жүргізушінің куәлігі,реттеушінің таяғы.

Қатысушылар: полиция-реттеушісі, МАИ инспекторы, жүргізушілер, жаяулар.

**Ойын:« Су толтыру»**

***Мақсаты:*** Қол ептілігін дамыту,ас ішкенде қалай отырып,қасықты қалай ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету.

**Керекті құралдар:** шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке.

**Мазмұны:** Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.



**Тіл дамыту жаттығуы**

***Мақсаты:*** Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

**Көнекіліктер:** Жеміс пен көкөністің мульяжы.

**Ойын барысы:** Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністің арасынан біреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады.





**Тіл дамыту жаттығуы**

**Ойын:«Атомдар мен молекулалар»**

**Мақсаты:** Бұл ойынды өткізудегі мақсат, сіздердің ұжымдарыныздың бірлігін, ынтымақтастығын анықтау. Ал ойынның атом мен молекула деп аталуы тақырыпқа сай индиго балалардың ДНҚ құрылымының өзі басқа балалардан өзгеше. Яғни ағзасында хромосомалар құрылымы өзгерген.

***Ойын шарты:***

«Барлық ойыншылар кең, бос бөлменің ішінде ары-бері қалай болса солай жүреді, бұл уақытта олар атомдар болып есептеледі. Біздің білетініміздей атомдар молекулаларға айнала алады. Молекулада 3, 4, 5, атомдар бола алады. Ойыншыларға команда бойынша молекулаларға айналу керек. Егер жүргізуші үш десе ойыншылар үштен бірігуі қажет. Реакция бітті деген белгі бойынша қатысушылар қайтадан атомға айналады. Осылайша ойынды бірнеше қайталауға болады».

**қалыптастыру жаттығулары**

**Ойын:*«Дыбыстарды анықта» жаттығуы***

***Мақсаты:*** Балалардың фонетикалық дыбыстарды меңгерту, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.

***Ойын шарты:***

Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр. Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **3 - ұйымдастырылғаніс-әрекет** | | | | | |
| | **Қазақ тілі**<br>Тақырыбы: Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ, жаңылтпаш» ойыны Міндеті:.Алған білімдерін тиянақтау.<br>Мақсаты: Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру.<br>Педагог мақал, жұмбақ, жаңылтпаш туралы түсінік береді. Жалпы мақал, жұмбақ, жаңылтпаш адамның ой – өрісін дамытады, сөздік қорын арттырады, тәрбиеге баулиды<br>Педагог жұмбақ жасырады.<br>Өскен жері бау-бақша,<br>Күрең қызыл шіркін-ай,<br>Жидектің аты – … (құлпынай)<br>Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дәнге толады.<br>Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (Күзде).<br>Шелек қалпақ басында,<br>Сәбіз екен танауы.<br>Қыста қардан туатын,<br>Тауып көрші, сен оны. (Аққала)<br>Тікірейіп құлағы<br>Менен бұрын тұрады.<br>Керіліп, созылып,<br>Беті-қолын жуады.<br>Бұл не? (Мысық) т.б. Жаңылтпаштарды қайталап айту арқылы жарысу. Педагог жаңылтпаштарды айтады, балалар жай, жылдам қайталайды.<br>Доп теп, Доп теп.<br>Жағажайды жағалай, | **Қазақ тілі**<br>Тақырыбы: « Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ, жаңылтпаш» ойыны<br>Міндеті:Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.Мақал-мәтел,жұмбақтар жаттау.<br>Мақсаты: : мақал – мәтел, жұмбақтар айту арқылы оқушыларды көркем, ұтымды сөйлеуге, қиыннан қиыстыра білуге үйрету.<br>Тәрбиелік мәні: адамгершілікке, адалдыққа тәрбиелеу. Ата – бабаларымыздың өсиетін қадыр тұтуға, мақал - мәтел, жұмбақ, шешендік өнер арқылы өз елінің тарихи шежіресін білуге, әдет – ғұрып, салт - дәстүрлі сыйлауға баулу.<br>Тәрбиеші:Балалар бүгін біздің іс әрекетіміз ерекше болмақ.Үш топқ а бөлініп сайыс түрінде өтпек.<br><br>Ойын 3 айналымнан тұрады:<br>1 – айналым: «Кім көп біледі?» | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: Кім ақылды? (әңгіме)<br>Міндеті:Сөздерді дұрыс,анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту.<br>Мақсаты: Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру.<br>Тәрбиеші:<br>Кәне, енді тобымыздағы заттардың немесе ойыншықтардың атын айтыңдаршы? Сол сөздерді буынға бөлейік. Балалар қолдарын шапалақтау арқылы педагогпен бірге бөледі, неше буыннан тұратынын анықтайды.О-йын-шық-тар.<br>Тәрбиеші:Өткен сабақта өтілген «Кім ақылды?» әңгімесін қайта оқып береді Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды.<br>Ерден:<br>Мен саған жол бермеймін! – | **Көркем әдебиет**<br>Тақырыбы: Көктем (Төлеген Айбергеновтің өлеңі)<br>Міндеті:Өлеңді жаттау арқылы мәнерлеп оқуға дағдыландыру.<br>**Мақсаты:** :<br>Т. Айбергеновтың «Көктем» туралы өлеңінің мазмұнын ашу; өлең ырғағымен келтіре отырып әр шумағын қайталау, жаттау; балаларды көктем туралы өз ойларын айтып жеткізуге дағдыландыру; Сөздік қорын молайту.<br>Тәрбиеші:балалардан жақында қандай мереке келе жатқаның сұрайды.<br>- Көктемнің ең алғашқы мерекесі-аналар,әжелер мерекесі.<br>- Қазақтың жаңа жылы Наурыз мейрамы | **Шығармашылық бейнелеу әрекеті**<br>Тақырыбы: Қуыршақтың камзолы<br>Міндеті: Қазақ оюларының элементтерімен комзолды әшекейлеу. Мақсаты: қамзолдың суретін салуға жаттықтыру, сурет салу іскерлік – дағдыларын меңгерту, жұмыстың нәтижесіне жете білуге, әсемдігіне мен беруге, көркемдік талғампаздыққа тәрбиелеу.Қазақтың ою өрнектерімен таныстыру.<br>Педагог балалармен отбасы мүшелері жайында сөйлеседі. Ұлттық киімдерге тоқтатылып, әртүрлі сұрақтар қояды. Ұлттық киімдердің ерекшілігін әңгімелеп, оның әдемілігіне тоқталады. Ұлттық киімдерге, қамзол оюларына назар аударып отырғанда топқа кішкентай Әйгерім деген қыз кіріп, балалармен амандасып, не істеп отырғандарын сұрайды, балалар ұлттық киімдердің әсемдігімен танысып отырғандарын айтады. Әйгерім:-Балалар, қандай ою – өрнектерді білесіңдер?<br>-Менің қуыршағыма әдемі қамзол керек еді, балалар, сендер менің қуыршағыма әдемі қамзол жасап бере аласыңдар ма?<br>Педагог балаларға қамзолдың жеке суретін көрсетіп, балалармен бірге |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| [illegible]<br>Пай-пай-пай,<br>Жайылып жүр тай.<br>Ай-ай-ай,<br>Ұшып кетті торғай.<br>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. | [illegible]<br>сөздің мәйегі»<br>3 – айналым: «Кім тапқыр?»<br>Сайыста көп білген,жауап берген оқушы жеңімпаз атанады. | [illegible]<br>тұрып алды. Ал Еркебұлан: Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді.Педагог әңгімедегі тәрбиелік мағынаны балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды. Балалардан әңгімені мазмұндауға үйретеді | [illegible]<br>«Қай мезгілде болады?»<br>Тәрбиеші әр мезгілде болатын ерекшеліктерді айтады, балалар қай мезгілде болатынын табады | [illegible]<br>сипаттап айтып береді.Бәрі үлгіге мұқият қарап, сурет салу әдіс-тәсілдерін естеріне түсіреді. Педагог ою –өрнектерді салу жолдарын көрсетеді. Ботамойын өрнегін салғанда бір нүктеден бастап қолды үзбей екінші бөлігіне дейін сызып салуды қошқармүйіз өрнегін салған кезде симметрияны сақтау жолдарын көрсетеді |

**Үзіліс:**

| | | |
|---|---|---|
| Аз қимылды ойын:«Кім алысқа»<br>Мақсаты :Жүгіру арқылы балалардың аяқ бұлшықеттерін дамытып, жетілдіру. Мәре ұғымын түсіндіру.Шапшаңдылыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.<br>Ойын шарты:Балалар ойынды ұлдар мен қыздар болып ойнайды. Ең алдымен ұлдар арасында, содан қыздар арасында жүгіріп, мәреге жетулері керек. Белгіленген мәреге жеткен ұл мен қызды мадақтау. Содан екі жеңімпазды жарыстыра жүгірту, мәреге ең бірінші болып жеркен баланы жеңімпаз ретінде таниды.<br><br><br> | Сюжетті-рөлді ойын:<br>« Құрылысшы »<br>Мақсаты: Балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру.<br>Тәрбиешінің іс-әректі:<br>Қаншама үйлер, мектеп, балабақшаны құрылысшылар салатынын түсіндіру. Ойын арқылы үйлерді қалай салатынын көрсету. Құрылысшы маманының еңбегі зор екенін саналарына сіңіру. Еңбекті сүйе білуге тәрбиелеу.<br> | *Қимылды ,еңбек ойын:*<br>«Ойын алаңын тазалау »<br>Мақсаты:Балаларды білесіп жұмыс істеуге, тазалыққа үйрету.<br>Құралдар: Сыпыртқы, күрек, қап;<br>Ойын шарты: Қыздар ойын алаңын сыпырады, ал ұлдар қоқысты күрекпен қапқа салады. Тәрбиешінің басшылығымен қапты қоқысқа төгеді.<br>Жеке жұмыс Камиллаға қазақша қыс туралы тақпақты<br>Жаттату:<br>Қандай қызық қыс деген,<br>Бәріншеберістеген.<br>Бақша, бауды, тауды да<br>Бояғанаппақтүспенен.<br>  |

**4 - ұйымдастырылғаніс-әрекет**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы:** Жыл мезгілдеріне саяхат (таза ауада)<br>**Міндеті:**Қар кесегін көлденең нысанаға лақтыруды үйрету.<br>**Мақсаты:** Жүгіру және секіру ойын жаттығулары. Қар кесегін нысанаға дәлдеп лақтыру. Спортқа баулу, ынтасын арттыру.Жүгіру және секіру техникасын үйрену,қар кесегін нысанаға дәлдеп лақтыруды үйрету. ұйымшылдыққа, шапшаңдылыққа, спорттыққа тәрбиелеу. Қызықты ойындар ойнату<br>Жаттығу жасау<br>Шеңбер бойымен. 1. Бәрінен де асамыз, Аяқты нық басамыз. 2. Айналып кілем тұсымен, Жүрейік аяқ ұшымен. 3. Екі қолымыз желкеде, Жүрейік біз өкшемен. 4. Жыланша жүгіру 5. Бір бұрыштан екінші бұрышқа жүгіру 6. Терең тыныс алу Бастапқы қалып үш қатарға бөліну. Үнтаспадағы әуенмен жаттығу орындау. . Гимнастикалық таяқшамен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары. Бас, қол мен иық бұлшық еттерін нығайтуға арналған жаттығулар. 1.Б.қ. аяқ сәл алшақ ашып тұрып, гимнастикалық таяқшаны төмен ұстап, қолды төмен түсіріп тұру 1-гимнастикалық таяқшаны жоғары көтеру,оған қарау; 2-б.қ оралу, 5-6 рет қайталау 2. Б.қ. аяқ алшақ, гимнастикалық таяқшаны екі шетінен алып, төмен ұстау. 1-аяқты бүкпей | Музыка<br>**Тақырыбы:** Ақ әжем<br>**Міндеті:**-Музыкалық ырғақты қимылдарды бірге жасаудағдыларын қалыптастыру.<br>**Мақсаты:**Балаларға музыканы түсіне тыңдауды қалыптастыру, музыкамен қосыла ырғақты қимыл жасауды үйрету. Әжелерін құрметтеуге тәрбиелеу<br>**Жағымды көңіл күй**<br>Денсаулық –ол күлуің, Көңіл-күйің жадырай. Денсаулық-ол жүруің, Ешбір жерің ауырмай.<br>Музыкалық-ырғақты қимылдар (айналу, орнында секіру).<br>Слайд: Әже суреті.<br>Балалар шеңбер бойымен тұрып амандасады.<br>Балалар музыка жетекшісін тыңдап, «Әже» деген сөздің мағынасын түсінеді.<br>-Балалар тақпақ кім туралы айтылған? -Әже деген кім? -Сенің әжең кімнің анасы? -Балалар, олай болса біз әженің киімдерімен, әшекей бұйымдарымен таныс болайық! Слайд: (Жетекші | Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы:** Жігіттер сайысы<br>Міндеті:- Тік баспалдақ сатыларымен жорғалауға жаттығу.Қол мен аяқтың қимыл үйлесімдігін дамыту.<br>**Мақсаты :** Спортық ойындарды ойнай отырып спортқа қызығушылығын арттыру. Ер балаларды ұлттық тұрғыда халқымыздың әдеп-ғұрпын, салт-дәстүрін қадірлеу, ұлтжанды, отансүйгіш, патроттық сезімдерге баулу, тәрбиелеу.Шапшаңдыққа , ептілікке баулу.<br>Тәрбиеші:Балалар бүгінгі іс әрекет жарыс түрінде өтеді<br>Жарыстың шарттары:<br>1. Таныстыру.<br>2. «Допты тез жеткізу».<br>3. «Акробатика».<br>4. «Кедергілер» сайысы.<br>5. «Кім шапшаң?»<br>6. «Епті де, жүйрік» сайысы.<br>2. «Допты тез жеткіз»<br>Ойын шарты: Допты ұстап жүгіріп келу.<br>3. «Акробатика» | Дене шынықтыру<br>**Тақырыбы:** Жігіттер сайысы<br>**Міндеті:**Өз халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу, эстафеталардың ережелерін сақтай отырып орындауда қолдана білуге дамыту.<br>**Мақсаты :** Ұлттық ойындарды дене шынықтыру іс-әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру<br>**Шаттық шеңбері**<br>Үлкенге де «сіз»<br>Кішіге де «сіз»<br>Бас иеміз құрметпен<br>Қонақтарға біз<br>Тәрбиеші :Балалар бүгінгі ойындарымыз<br>Эстафеталық сайыс түрінде өтіледі, Балаларды бір қатар етіп жүргізе отырып топқа бөлу.<br>І. Ботақан тобы.<br>Топ құрамында бес бала<br>ІІ. Құлыншақ тобы.<br>Топ құрамында бес бала<br>Сайыс шарттары:<br>Бәйге<br>Арқан тартыс<br>Кім жылдам<br>Ханталапай<br>Тымақ ұру<br>1. Ұлттық ойын «Бәйге»<br>Ойын шарты: Әр топтың алдына 3-4 м қашықтықта межелер белгіленді. Екі топтың балалары (арақашықтығы 2м) сап түзеп тұрады. Бұл ойында | Музыка<br>**Тақырыбы:** Ақ әжем<br>**Міндеті:**.Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып,бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлік элементтерімен байланыстыру.<br>**Мақсаты:** «Ақ әжем» әнін үйрету. Әжелеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Ән айтуға деген қызығушылықтарын дамыту.<br>Сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Тәрбиеші:**<br>Балаларға әжелердің суреті көрсетіледі.<br>Музыка тыңдау: «Ақ әжем» жетекшісі әнді орындап, балалардан әннің сипатын, мазмұнын әңгімелеп беруді сұрайды.<br>Әр бала өз әжелерінің суреттерін салады.<br>**Тақпақ**<br>Құрт пен майды жинаған,<br>Балаларға сыйлаған.<br>Бұл әжемнің өмірі<br>Таусылмайтын жыр маған.<br>**Дауыс жаттығуы:**<br>**Ән үйрену:** «Сағындым |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | [illegible] таяқшаны екі шетінен алып, төмен ұстау;<br>**«Күн мен түн» ойыны.** Шарты: балалар екі топқа бөлінеді. Бір команда «күн» болса, екінші команда «түн» болады. Педагог «түн» дегенде, «түн» тобы үйге қарай жүгіреді, ал «күн» командасы олардың артынан қуады. Ұсталғандар ойыннан шығады. Содан соң орындарын алмастырып, ойынды әрі қарай жалғастырады. | [illegible] таныстырып өтеді)<br>Кәжекей, Кимешек, Әже Сұрақтарға жауап беріп, өз әжелерін әңгімелейді. Балалар жетекшінің айтқанын мұқият тыңдап, киімдермен, әшекей бұйымдарымен танысады. Камзол, Мәсі, Білезік, Сырға. Музыка тыңдау: (слайд)<br>«Асыл әжем» (О.Әубәкіров) (Жетекші балаларға әнді көздерін жұмып, әжелерін ойлауды ұсынады).<br>**«Ақ әжем »әні**<br>Ырғақты қимылдар жасау. | [illegible] Музыка ырғағымен әр ойыншы құрсаулардан аттап - аттап жүгіріп, орындарына бару.<br>4. «Кедергілер» сайысы<br>Ойын шарты: Тақтай үстімен тепе - теңдік сақтап өту.<br>5. «Кім шапшаң?»<br>Шарты: Допты қолдарына қысып ұстап, шынтақтап, доға астынан жорғалап өту.<br>6. «Епті де, жүйрік» сайысы.<br>Шарты: Үлкен доп үстіне отырып, орындықты айналып секіріп орнына келу.<br>Тәрбиеші:<br>- Рақмет, ойыншылар. Барлық жарыс қызықты, шарттарын орындадық.<br>Ойын соңында жеңімпаздарды марапаттау | [illegible] бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс.<br>2. Ұлттық ойын «Арқан тартыс»<br>Ойын шарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналатын ойын бір түрі. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ өз жағына алып, келсе сол топ жеңіске жетеді.<br>3.. Ұлттық ойын «Ханталапай»<br>Ойын жүргізуші қолындағы асықты «хан талапай» деп ортаға қарай шашып жібереді. Отырғандар тез-тез жиып алулары керек. Кім аз жиып алса, сол жеңілген болып есептеледі.<br>4. Ұлттық ойын «Тымақ ұру»<br>Шарты: Екі топқа бөлінген балалар атпен шауып барып қамшымен тымақты ұру | [illegible]<br>(Б.Бейсенова)<br><br>**«Жапалақ» қимыл қозғалыс ойыны.**<br>Шарты: алаңның бір шетіне «жапалақтың ұясы» белгіленеді. Балалардың бірі сол кезде « жапалақ» ұясынан ұшып шығып, қозғалып қойған «шегірткені» немесе «көбелекті» ұясына алып кетеді. Балалардың бірі шегіртке, бірі кішкентай құс болып залда еркін жүгіріп, секіріп жүреді. « Түн" деген белгі бойы»ша ойыншылар бір орындарында қатып қалады |
| **Серуенге дайындық** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.** | **Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты:<br>Балалардытабиғатқұбылыстарыментаныстыру: күніңқысқаруы, түнніңұзаруытүсінік беру.<br>Бақылау:<br>Серуеналдындабалалардыңкөңіл –күйкөтереотырып, бүгінкүнашық, біраққүныстықемес, жаздағыдайқаттықыздырмайды.<br>Тәрбиешікүнніңауысып, орналасқанжерінбайқатады; (күндізжәнекешкілікте) күнніңшығуын, батуынбақылау; күнсәулесініңтерезегетүсуібойыншакүнніңорналасуынбелгілеу.<br>Жұмбақ:<br>Ақ сандығым ашылды<br>Ішінен жібек шашылды (күннің көзі)<br>Аспандағы алып доп<br>Жарқырайды жарық боп (күн)<br><br>Қимылдыойын: «Қоңыздар»<br>Еңбек: құмсалғышты жапырақтардан тазарту. | бақылау<br>Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.<br>Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.<br>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету.<br>Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу.<br>Сұрақтар:<br>1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз?<br>2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады?<br>3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас?<br>4. Ордың айырмашылығы қандай?<br>Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны.<br>Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр»<br>Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. | Мақсаты: желдің бағытын қапалық арқылы анықтау.<br>Сұрақтар:<br>1. Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?<br>- үй мұржаларынан шыққан түтіннен<br>- қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен т.б. жорамалдарынан анықтап білуге болады.<br>2. Қыста жел қандай болады?<br>Көркем сөз<br>Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр.<br>Қимылды ойын: «Өткеншек» | Мақсаты: Балаларға ауа райының жағдайын байқап, белгілеуді ұсыну. Қатты желге назар аудару. Қатты жел әсіресе ақпан айында жиі болады,<br>ұйтқыған боран мен бұрқасын борандарда қар бір жерден бір жерге жөңкіліп жүреді.<br>Көркем сөз:<br>Қыстсың кенже баласы ақпанбысың,<br>Аспан астың ораған ақ ьқармысың.<br>Алай-түлей боранның, языңда,<br>Әппағым-ау аз –аздан шақтармысың?!<br>Қимылды ойын: «Үшінші артық»<br>Мақсаты:Шапшандыққа баулу. | Мақсаты қар туралы балалардың білімдерін толықтыру, ақ, ұлпа сияқты, күн нұрына шағылысып жылтырайды.<br>Көркем сөз:<br>Аққала<br>Аула сырты баққа да,<br>Тұрғызамыз аққала<br>Аққаланы айналып,<br>Ойлаймыз біз шаттана.<br>Қимылды ойын: «ұстап ал»<br>Мақсаты: белгі бер10 |
| **Балалар ды үйге** | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі | ***Ата –аналарға кеңес***<br>Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қитару | адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы керек | адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейірімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | жасау қажет, ол көбіне әке ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. |

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектеп: №11 М.Окороков атындағы жоббм
Директордың оқу ісі орынбасары: М.Аукенбаева
Мектепалды даярлық :0 «а»
Балалардың жасы 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі 06-10 наурыз 2022-2023 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | |
| | «Ұннан жасалған тағамды ата» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: нан-тоқаш өнімдері туралы білімдерін бекіту; нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу | «Төртінші артық» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: артық затты (азық-түлік) табуға үйрету және себебін түсіндіру | «Табиғат және адам» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: адам жасаған және табиғат адамға не беретіні туралы білімді жүйелеу: балық, ет, көкөніс, жеміс, жидек, тұқым, жаңғақ | «Сипаттама арқылы біл» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: сипаттама бойынша тамақ өнімдерін тануға үйрету |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме:<br>Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме:<br>Жақсы іс әрекеті үшін сөзбен немесе сыйлықпен мадақтап | Ата –аналармен әңгіме:<br>Балаға баға бермеңіз,оның іс-әрекетін бағалаңыз. |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | «Тазалықтың денсаулық үшін маңызы» әңгімелесу (үй-жайды дымқыл тазалау, өз бөлмесін ретке келтіру қажеттілігі туралы) | «Тәні саудың жаны сау» әңгімелесу Мақсаты: мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру«Күн сайын ... тәртібі бойынша» ойлану-әңгімелесу (режимді сақтаудың мәні туралы)<br>Әңгімелесу | «Біз гимнастиканы не үшін жасаймыз» әңгімелесу(таңертеңгі гимнастиканың маңызы туралы) | «Бұлар қауіпті заттар» әңгімелесу. Қауіптер туралы иллюстрация қарау |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Таңертеңгі жаттығу | Денені жалпы дамытатын жаттығулар | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | Әңгіме «Адам қандай болуы керек?»<br>Мақсаты: адамның жеке басының кейбір қасиеті туралы білімді бекіту (мейірімділік, жауаптылық, адамгершілік, адалдық) | «Адам неге сенуі керек?» ойыны<br>*(Доппен шеңберде)*<br>Мақсаты: адамның өмірі жақсаруы үшін оған не сену керектігін білу. Өйткені, өмір игі істерге беріледі | «Кім күшті» ертегісі<br>Мақсаты:Ертегіні рольдік сахналау,қызығушылықтарын арттыру.<br>. | Балалардың жұмбақ ойлап шығаруы<br>Мақсаты: адам туралы жұмбақтар жасауға үйрету (дене мүшелері, ішкі органдар туралы); сөздік қорын кеңейту |
| Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет | 1 – ұйымдастырылған іс-әрекет | | | |
| | Сөйлеуді дамыту<br>Міндеті:Мамандықтар туралы әңгіме жүргізу арқылы сөздік қорларын жүргізу.<br>Мақсаты : Балаларға мамандық туралы жалпы түсінік беру, сурет бойынша « Мен кім боламын?» деген тақырыпқа әңгіме құрастыруға үйрету.<br>Үлкендердің еңбегін сыйлауға тәрбиелеу.<br><br>Жүрекке жылулық сыйлау<br>Достар бірге жүреміз,<br>Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне, біздер қандаймыз! | Сауат ашу негіздері<br>Міндеті: Сөздердің жалпы атауын атауға,дыбыстық талдау жасауды үйретуді меңгерту.<br>Мақсаты: дыбыстық талдауды меңгертуді жалғастыру.<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру.<br>Берілген дыбысқа сөз құрап, сөздегі сол дыбыстың орнын анықтай алу дағдыларын бекіту,<br>Төрт түлікті құрметтеуге және пайдасы туралы еңбекке тәрбиелеу.<br>«Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау.<br>1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>2) Дауысты дыбыстар<br>3) Дауыссыз дыбыстар<br>4) Қандай түспен белгіленеді? | Сауат ашу негіздері<br>Міндеті:Сөйлем құрауға,сөйлем сызбасын сызуға,сөйлемді мағнасына байланысты толтыруға үйретуді жалғастыру..<br>Мақсаты: Сөйлем туралы, сөйлеудің интонациялық –мағыналық бірлігі ретінде, түсініктерін қалыптастыру.Сөйлем туралы түсінік беру, сұ-раулы сөйлемді айтуды үйрету, бала-ларды сөйлемнің сызбасын құруды жаттықтыру.<br>Тілек шеңбері:<br>Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз<br>Баршаңызды құрметтеп,<br>Бас иеміз біз<br>Тәрбиеші:Балалар, бүгін бізде сауат ашу сабағында өткен білімдерді тиянақтайтын боламыз. -Балалар, бос торкөзге керек әріпті қойсақ, бізге | Көркем әдебиет<br>Міндеті: Көркем тілдік дағдыларды қолдана білуді үйрету.<br>Мақсаты: Балаларды шағын әңгімені тыңдай отырып, оны бейнелеп, мазмұнын айтуды үйрету. Қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру. Әжелерін ренжітпеуге, әрдайым үлкенді сыйлауға тәрбиелеу<br>Дидактикалық ойын:«Ғажайып коржын». Суреттермен жұмыс.<br>Шарты: Суреттер беріледі,.соның ішінен отбасы адамдарын табу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Бірге ойнаймыз, күлеміз.<br>Бірге балық аулаймыз,<br>Міне, біздер қандаймыз!<br><br>Сұрақ жауап әдісі<br>Тәрбиеші сұрақтар қояды<br>-Қандай мамандықтарды білесіңдер?<br>Мамандықтардың суреттерін көрсетеді.<br>- Мынау дәрігер, ол не істейді?<br>- Мынау аспазшы, ол не істейді?<br>- Мынау құрлысшы, ол не істейді?<br>- Мынау шаштараз, ол не істейді?<br><br>- Мынау тігінші, ол не істейді?<br>Жұмбақтар жасырады:<br>1.Аялаймын барыңды,<br>Аштырмаймын қарнынды.<br>Тосырқамай кел күнім,<br>Тойғызамын бәрінді.<br>2.Іш ауырса, тіс ауырса,<br>Бізге дәрі береді.<br>Барлық бала, барлық ана,<br>Оны жақсы көреді. | 1) Дыбыстар нешеге бөлінеді?<br>2) Дауысты дыбыстар<br>3) Дауыссыз дыбыстар<br>4) Қандай түспен белгіленеді?<br>5) Дауысты дыбыс қызыл түспен,дауыссыз дыбыс көк түспен<br>Төрт түлікті құрметтеуге және пайдасы туралы еңбекке тәрбиелеу.<br>Саяхатқа шығу: Түйенің тапсырмасы: «Буындардан сөз құрау» ойыны.<br>А+ та, і+ ні, ә+ке, ә+же, а+ға, ба+ла, мек+теп, са+ бақ, са+бын , ба+қа бал+ та.<br>*2. Тапсырма: Сөздерді қатыстырып сөйлем құрау сюжеттік суреттер бойынша.*<br>3. Жылқының тапсырмасы: « Сөз жұмбақ » шешу<br>Тігінен : төрт түлік. шешуі: тауық, ешкі, түлкі, лақ, күшік.<br>Келесі тапсырмасы: карточкамен жұмыс. Буындап оқу сөздерді.<br><br>4. Сиырдың тапсырмасы: «Ребус шешейік» ойыны.<br>Ананас, қауын, қарбыз, қарға, | Тәрбиеші:Балалар, бүгін бізде сауат ашу сабағында өткен білімдерді тиянақтайтын боламыз. -Балалар, бос торкөзге керек әріпті қойсақ, бізге келген конақтың атын білеміз, кәне құрастырайық.<br>Мынау не, балалар? -Кірпі<br>-Ендеше, балалар, мен сендерге кірпі туралы ертегі айтайын<br>-Баяғы заманда бір кірпі өмір сүріпті, ол жалғыз, достары болмапты. Сөйтіп, бір күні ол дос іздеуге жолға шығыпты. Келе жатып, қасқырдыкездестіреді, кірпі қасқырмен дос болайық депті, қасқыр оған: -« Мен ет жеймін, Сен не жейсің?» деп сұрайды<br>-Балалар, кірпі не жейді? -Саңырукұлақ, алма<br>-«Ендеше, мен сенімен дос болмаймын» -депті қасқыр<br>-Балалар, кірпіге алма жинасуға көмектесейікші<br>ТАПСЫРМА:<br>- Балалар, мына алмаларда жазылған әріп пен буындардан неғұрлым көп сөз құрасақ, соғұрлым кірпіге де көп алма жинап береміз.<br>А + ра а + та та + ға ап + та<br>Ал + ма а + ға ай + на па + на | жұмыс.<br>Шарты: Суреттер беріледі.,соның ішінен отбасы адамдарын табу.<br>Көктемнің ең алғашқы мерекесі-аналар,әжелер мерекесі. -Біз анамыз бен әжемізге арнап қандай такпақтар жаттадық?<br>Әжелер-өте мейірімді болады,немерелеріне ертегі оқып береді.Немерелері әжесіне такпақ,өлең айтып береді.Әжелер кимешек,жаулық киеді. -Бүгін біз ақын Әбубәкір Қайрановтың «Әже» деген өлеңімен танысамыз.<br>Кимешегін,жаулығын<br>Теңеп аппақ гүлге мен.<br>Әжемнің денсаулығын<br>Тілеп жүрем күнде мен.<br>Сөздік жұмыс:кимешек,жаулық-әжелер киетін баскиімдер деген мағынаны білдіреді.. -Балалардың жауаптары - |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 3.Қолымда алтын қалағым,<br>Зәулім үйлер саламын.<br>«Кімге не керек?» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: мамандықтарға не қажет екендерін атап, керекті заттарын орналастыруларын сұрайды.<br>Дыбыстық жаттығу:<br>«Зе-зе-зе,зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за,за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу,зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса<br>«Мен кім болам?» дидактикалық ойыны:<br>Мақсаты: болашақта қандай мамандықты таңдайтындарын, не үшін таңдайтындарын айтады. | кармак, борсық, Айдос.<br>Келесі тапсырмасы:<br>«Буындардан сөз құрау»<br>Тыр+ на, ү+ кі, үй+рек, бүр + күт, бө + де +не тор+<br>5.Қойдың тапсырмасы: Сергіту сәті: ( қимылмен көрсету)<br>Келесі тапсырмасы: Суреттерді атай отырып сөздерді буынға бөлу.<br>Кө- бе- лек, қол-ғап, ө- шір- гіш, мек- теп, кө-гер- шін, ө-рік, көй-лек.<br>6. Ешкінің тапсырмасы:<br>карточкамен жұмыс сөздерге дбыстық талдау жасату.<br>« Жоғалған буынды тап» ойыны. Ма, ба, са, қа. Са, ба. Ша, ай.т/б<br>Дидактикалық ойын:<br>«Тиісті белгіні көтер»–<br>Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді араластырып айтамын, сендертиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріңдер.<br>Мысалы: маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, керік, тышқан, ит, доңыз, | Тамаша, балалар, сонымен кірпі балықтыкездестіреді. «-Балық, сенімен дос болайыншы» -дейді.<br>Балық: «-Сен суда өмір сүресің бе?» деп сұрайды.<br>-Балалар, кірпі қайда өмір сүреді?<br>-Інде<br>-«Ендеше мен сенімен дос болмаймын» -дейді балық<br>-Балалар, кірпіге үй жасап берейікші<br>2 ТАПСЫРМА-дауысты дыбыстан басталатын сөздерді қызыл қорапқа, дауыссыз дыбыстан басталатын сөздерді көк қорапқа сал -Жақсы, балалар, тамаша орындадыңдар.<br>Сонымен кірпі келе жатып, әтештікездестіреді. Кірпі: «-Әтеш, сенімен дос болайыншы» -дейді. Әтеш оған: «-Мен сондай әдемімін, ал сен сондай ұсқынсызсың, әрі тікенектер басып кетіпті. Мен сенімен дос бола алмаймын» -депті.<br>3 ТАПСЫРМА;-Балалар, кірпі әдемі болу үшін оны оған әдемі көйлек жасап берейікші. Жапырақтардағы сөздері оқып, сөйлем құрап, буынға бөліп, кірпінің тікенектерін жабайық.Гүл,Шана,Машина,Кітап,До мбыра,Жылқы<br>Сергіту сәті: | Сегізінші наурыз-аналар мерекесі. Балалар әжелеріне,аналарына арнап жаттаған тақпақтарын айтып береді.Балалар өз әжелері туралы айтып береді.<br>Кимешек,жаулықты балалар колдарымен ұстап көреді. Балалар өлеңді тыңдайды,жаттап алады. Сөздің мағынасын түсінеді Қайталайды. Сәйкесінше қимылдайды.<br>Күнге карай талпынып<br>Көкке қолды созамыз.<br>Қанат қағып ұшамыз.<br>Қарлығаштай самғаймыз.<br><br>Д/О Ойын:<br>«Жол белгілерін қою»<br>Мақсаты: Балалардың жолда жүру туралы алған білімдерін тиянақтау, жол белгілерін айыра |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | мысық, тай, қой, құлын, тауық | -Өзіміздің көңіл –күйімізді мимика, ыммен көрсетейікші<br>-Анамыз торт әперсе? – О О О<br>-Кесе сындырып алсақ? – У У У<br>-Ойланып қалсақ! – М М М<br>-Естімей қалсақ? – А А А<br>-Үлкен нәрсе көрсек? –О –ХО | білу.Балаларды мейірімділікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.<br>Ойын барысы: Балаларға көше макетін мұқият қарау ұсынылады.Сосын қай жерге қандай белгі қою керектігін айтқыза отырып, жол белгілерін қою.<br>Д/О «Даусынан таны»<br>Шарты:Түрлі дыбыстарды тыңдау арқылы ,ненің дауысы екенін білу.<br>Мақал жаттау: «Ананың сүті-бал, Баланың тілі-бал». |

| Үзіліс : | | |
|---|---|---|
| «Жыл мезгілдері»<br>Мақсаты:Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту,мезгілдерді атауларын үйрету(қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.<br>Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.<br>Ойын барысы:Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен |  | Дид.ойын: «Дала құстарын ата»<br>Мақсаты: құстарды атай білуге үйрету. Жабайы құстардың қайда мекендейтінін, немен қоректенетінін түсіндіру. Құстардың атын қазақ тілінде дұрыс айтуға үйрету, әңгімелеу дағды-сын жетілдіріп, тілін дамыту.<br>Құстарды аялауға,қамқоршы болуға тәрбиелеу. |

| | | |
|---|---|---|
| тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.<br>Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады.(мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққалат.б.) | | Көрнекі құралдар: Дала құстарының суреттері. |

| 2 - ұйымдастырылғаніс-әрекет | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қоршаған орта<br>Міндеті:Киіз үй құрал жабдықтарының пайдасы туралы түсіндіре отырып,балалардың зейініндерін дамыту..<br>Мақсаты: _Киіз үй жабдықтарымен таныстыру.Киіз үйді ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға болатындығын,киіз үй жабдықтары туралы айтып,балалардың еске сақтай білу қабілеттерін дамыту.Атадан-балаға мұра болып келе жатқан ұлттық құндылықтарымызд сақтауға баулу.<br>Барлығымыз жақсы көңіл – күйде бір - бірімізге тілегі- | Математика негіздері<br>Міндеті:Айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай айту.<br>Мақсаты: Балаларды жыл, жылдың 4 мезгілі(әр мезгілде 3 ай), 12 ай туралы түсініктерін қалыптастыру, жазғы ай атауларымен таныстыру. Балалардың жыл мезгілдері, ай аттары, апта күндері туралы білімдерін бекіту. Логикалық ойлау қабілеттерін, шығармашылық мүмкіндіктерін арттыру. Суреттермен жұмыс жүргізе отырып, жыл мезгілдері, ай аттары, апта күндері туралы түсінік беру.<br>-Балалар, біздің топқа жасырын қонақ келіпті, келген қонақ жайлы білу үшін мына | Математика негіздері<br>Міндеті: Уақыт бағдарлау дағдыларын қалыптастыру.<br>Мақсаты : Таңертең, түс, кеш, түн мезгілдері тәулікті құрайтыны туралы ұғымдарын қалыптастыру. Апта күндерін, жыл мезгілдерін атау кезінде оларды ретімен дұрыс айта білуге үйрету. Уақыт ұғымдары туралы білімдерін бекіту<br>Жағымды көңіл күй<br>Тәрбиеші: Таңертең...<br>Балалар: Адамдар ұйқыдан оянады, жуынады. Үлкендер жұмысқа жиналады, оқушылар мектепке, кішкентайлар балабақшаға.<br>Тәрбиеші: Күндіз...<br>Балалар: Үлкендер жұмыс жасайды, балалар мектепте оқиды, | Қоршаған орта<br>Міндеті: Киіз үй құрал жабдықтарының қандай эстетикалық талғаммен жасалғанын түсіндіре отырып,талғампаз болуға үйрету.<br>Мақсаты : Қазақтың ежелгі баспанасы киіз үй жайлы түсінік бере отырып, оның құрлысы мен әр бөлігін ажырата алуға<br>үйрету, балалардың эстет икалық<br>сезімдерін, қиялын дамыту, сұрақтарға нақты және толық жауап беру дағдыларын , түстердің үйлесімділігін бере білуге жаттықтыру. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мізді айтайық! Бір - бірімізге күлкімізді сыйлайық!<br><br>Санамақ айту.<br>Бір дегенім – бақан,<br>Ағашты шапқан атам.<br>Екі дегенім – есік,<br>Көздері бар тесік.<br>Үш дегенім – үзік,<br>Дөдеге басқан тізіп.<br>Төрт дегенім – түндік,<br>Түндікті оңнан түрдік.<br>Бес дегенім – басқұр,<br>Кереге басын бастыр.<br>Сұрақ – жауап.<br>- Біз не туралы санамақ айттық?<br>- Киіз үй жабдықтарын айтайық -шы.<br>- Дұрыс айтасыңдар, балалар! Киіз үй – кереге, уық, шаңырақтан – тұрады.<br>- Оларды бір сөзбен не деп атайды?<br>Кереге-киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы торкөзді сүйегі.<br>Шаңырақ-киіз үйдің уықтарын біріктіріп,еңсесін көтеріп, | тақтада тұрған тапсырмаларды орындау керек екен. Осы тапсырмаларды орындағанда ғана келген қонақ жайлы мәлімет аламыз.<br>1. Суретте берілген сұрақтар.<br>-Бір жылда неше ай бар ?<br>-Бір жылда неше мезгіл бар?<br>-Қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Көктем айларын атаңдар.(Наурыз, сәуір, мамыр)<br>«Суретші қай жерде қателесті?» дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алуға үйрету.<br>«Еріншектің аптасы» өлеңін оқып бере отырып, соған сәйкес қимылдар жасату.<br>«Артық сөзді ата» дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балалардың есту, ойлау қабілеттерін, тілдерін дамыту. Жыл мезгілі, ай аттары, апта күндері білімдерін бекіту<br>«Төртінші артық» ойыны. | бақшада балалар серуенге шығады, ойнайды, ұйықтайды.<br>Тәрбиеші: Кеш...<br>Балалар: Үлкендер жұмыстан, балалар бақшадан үйге кайтады. Кешкі ас ішеді, теледидар қарайды.<br>Тәрбиеші: Түн...<br>Балалар: Түнде ұйықтайды, демалады.<br>Балалар: Түнде ұйықтайды, демалады.<br>Сұрақ жауап әдісі:<br>Қай уақыттарда адамдар тамақтанады?<br>Таңғы ас – таңертең, түскі ас – күндіз, кешкі ас – кешке ішіледі. Ал түнде адамдар тамақ жемейді, түнде адамдар ұйықтайды.<br>.Жұмбақ шешу.<br>Ұйқымыздан тұрамыз, Беті қолды жуамыз. Әкемізге ереміз, Бақшамызға келеміз. (Бұл қай кезде болады?)<br>(Таңертең)<br>2. Сабақ оқып, ойын ойнап, Серуендеп қайтамын. Тамағымды ішіп, Түсте ұйықтап жатамын. (Күндіз)<br>3. Біз тәртіпті баламыз, Сабақты | Жағымды көңіл күй<br>Көк аспанда күн күлсін!<br>Бірге күлсін бүлдіршін.<br>Көк аспанда күн күлсін!<br>Жерге ұдайы нұр құйсын.<br><br>Киіз үйді ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға болатындығын, киіз үй жабдықтары туралы айтып, балалардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>«Киіз үй жабдықтары» тақырыбын көрнекілік әдісі арқылы түсіндіреді: - Киіз үй ауа райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі. Ауа алмасуы талапқа сай, жел, дауылға көп шайқалмайды. Киіз үйдің негізгі қаңқасын сүйегі деп атайды. Олар: кереге, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | тұтас -тырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.<br>Уық-кереге мен шаңырақтың арасын ұстап,қосып тұратын сырық.Киіз есік-сықырлауықты жауып,шаңырақ арқылы өткізіп байланады.Киіз есіктің сырты киіз,ортасы ши,астары жарғақ теріден жасалады.<br>Үй жиһаздары:<br>Абажа-тамақ пен ыдыс-аяқ сақталатын кебеженің үлкен түрі.<br>Ағаштан жасалып, киізбен, былға -рымен қапталған.<br>Кебеже-сүр ет,құрт,шай салып сақтау үшін ағаштан жасап, өрнек теген үй жиһазы.<br>Төсеніштер:<br>Алаша,киіз,сырмақ.<br>Д/О «Үй жабдықтарын тап»<br>Мақсаты:балалрға киіз үй жабдықтарын білуге,есте сақтауға дағдыландыру,үй жабдықтарын танып білуге үйрету.<br>Шарты:Суреттер арасынан үй<br>Сөздік жұмысын жүргізу.<br>— Абажа — тамақпен ыдыс – | Ойын шарты:<br>басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді) алып тастау немесе боямау керек және топты жалпылама сөзбен атау қажет.<br>Есту арқылы жұмыс жасау: тәрбиеші сөздер айтады да, солардың ішінде басқаларға сәйкес келмейтінді бөліп көрсетуді сұрайды,<br>мысалы: 3 шеңбер, 1 төртбұрыш (пішін бойынша), 3 қызыл пішін және 1 жасыл пішін (түс бойынша) | да оқимыз. Серуенге шығамыз, серуендейміз. (Түс )<br>4. Ұйқыдан тұрып, Беті қолды жуып, Төсекті жинап, Таза ауа жұтып, Кешкісін үйге қайтамын. (Бесін)<br>5. Күн батады қызарып, Анамызды күтеміз. Бұл қай кез. (Кеш )<br>«Сонша жина» дидактикалық ойыны Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар).Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды.Балалар ойынға қатысады.Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады.Балалар бүгін біз қандай оқу іс - әрекетіміз қалай аталады. Уақытты бағдарлау туралы не үйрендік? Оқу іс – | уық, шаңырақ, сықырлауық ( жарма есігі).<br>Киіз үйді қазіргі уақытта эстетикаға сай етіп ,жабдықтайды.Ішін ою өрнектермен,басқұрмен ,сәнді кебеже,көрпелермен,сандық,сырмақтармен жабдықтайды.<br>**Жылулық шеңбері**<br>Асыл сөздің атасы<br>Ақын болар ұрпақпыз.<br>Өнер-білім, еңбекке<br>Жақын болар ұрпақпыз.<br>Тұла бойы толған күш,<br>Батыр болар ұрпақпыз.<br>Жұмбақ<br>Сәбиге сәнді үй,<br>Әжеге ән – күй.<br>(Бесік)<br>Төбедегі көзінен<br>Күн сәулесі түседі.<br>Бұрышы жоқ төрінен,<br>Самал еркін түседі.<br>(Киіз үй) |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | аяқ салатын құрал.<br>— Кебеже — сүт ет, құрт, шай сақтайтын, ағаштан жасалған бұйым.<br>— Әбдіре — зат сақтайтын үлкен сандық.<br>— Асадал — тамақпен ыдыс салатын кебеже. жабдықтарын тауыпқұрастыру.<br>Мақал мәтел:<br>Мал өсірсең қой өсір, пайдасы оның көл – көсір<br>Дидактикалық ойын:<br>Ойынның шарты: қораптағы жасырынған заттарды сипап – сезу арқылы затты тауып атау Жасырынған зат ( жылқы, сиыр, түйе, ешкі, қой) тапқан балаға қосымша сұрақ - тар қойып, жауап алу | | әрекетіне белсенді қатысқан балаларды мадақтайды, қорытындылайды. - Бір жылда неше жыл мезгілі болады? - Бір жылда неше ай болады? - Бір аптада неше күн болады? Осымен бүгінгі «Уақыт. Уақыт бойынша бағдарлау» атты ұйымдасқан оқу іс-әрекетіміз аяқталды. | |
| Үзіліс: | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| «Жапырағына қарай ажырат»<br>Мақсаты:Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру.<br>Сөздік қорын толықтыру,есту,қабылдау қабілетін дамыту.<br>Көрнекіліктер:әр түрлі жапырақтар<br>Ойын шарты: жапырақтарды салыстыру,қай ағаштың жапырағы екенін табу.<br> | <br> | Үстел үсті «Айырмашылығын тап»<br>Мақсаты:Балалардың ойлауын, қызығушылығын, зейінділігін дамытуы<br>Ойын шарты:Балаларға сурет беріледі, суретті салыстыра отырып айырмашылықтарын табады. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3 - ұйымдастырылғаніс-әрекет | | | | |
| | Қазақ тілі<br>Міндеті:Алматы қаласы туралы білімдерін кеңейту.<br>Мақсаты: Балаларға Алматы қаласы туралы түсінік беру. Тілдерін дамытып, ой өрісін кеңейту. Әсемдікке,сүйіспеншілікке ,қамқорлық ,еңбекшіл болуға тәрбиелеу.<br>Жағымды көңіл күй<br>Ашық , жарқын күніміз,<br>Болашақтың гүліміз | Қазақ тілі<br>Міндеті: Ертегіні сахналау,диалогке қатысуға үйрету.<br>Мақсаты: . Ертегіні сахналауға және кейіпкердің бейнесін сомдауға үйрету,достық қатынасты бағалай білуге баулу. Достаса білуге, адал достыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші:Бірнеше ертегілер туралы түсінік береді. | Көркем әдебиет<br>Міндеті: Өлеңді жаттау арқылы,тілдікбейнелігін сезінуге баулу.<br>Мақсаты: Өлең жаттау, талдау, мазмұнын түсіндіру.Тәрбиешінің соңынан қайтала отыра өлеңнің мәтінін есте сақтап қайталауға үйрету.Қарым – қатынас мәдениетінің қарапайым дағдыларын дамыту.Сыйластыққа, | Шығармашылық бейнелеу әрекеті<br>Міндеті:Анаға арнап ашық хат жасауға үйрету,балалар аналарын құрметтеуге үйрету.<br>Мақсаты: Балалардың шығармашылық қиялын дамыту, қайшымен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру. Гүл сабағын, жапырағын, күлтелерін қиып алып, әдемі гүл құрастырып жапсыру. Әсемдікке баулу, үлкендерге ықылас |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Балалық шақ үйінің,<br>Жайнап тұрған гүліміз.<br>Сәлеметсіздер ме, қонақтар,<br>Қош келдіңіз, бәріңіз!<br>Қазір қай мезгіл?<br>Көктем айларын атап жіберейік?<br>Көктемде табиғат құбылыстары қалай өзгереді?<br>Ендеше, өткен сабақтағы « Көктем» тақпағын кім айтады?<br>Балалар ау балалар!<br>Шақырады далалар,<br>Көктем келді гүл алып,<br>Құстар келді жыр алып.<br>Музыка ойналады. Ән тыңдау.<br>Музыка ойналады. Ән тыңдау.<br>Ән не туралы айтылған?<br>Қай қаланы естеріңе | «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі аңғалдықтың кесірін, шапшандықтың пайдасын айтады. Онда аңқау түйе жыл басынан құр қалады, шапшан тышқан жыл басы атанады.<br>«Мақта қыз бен мысық» ертегісі өте тартымды, қызықты. Бұл ертегіде мақта қыздың досы мысық мақта қыздың тілін алмай қатығын төгеді де, оны қайтарып беру үшін көптеген сынаққа жолығып, көп қиыншылық көріп барып, қатықты төлей алады. Бұл жерде адамды әрбір іс қимылына жауап беруге, үйренуге қателік тәрбиелейді. «Бес ешкі» ертегісі хайуанаттар жайлы ертегіге жатады. Өте қызық, тартымды. Мұнда кедейдің бес ешкісі қарлы боранда далада қалады да, қасқырға жолығады. Сол кезде бәрі бірігіп, береке – бірлік танытып, қасқырдан аман қалады. Бұл ертегі балаларды | бірлестікке тәрбиелеу.<br>Тақпақ<br>Адал жақсы ниетпен,<br>Бар адамға бақ тілеп.<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі-Ақ тілек.<br>Тақтаға ренжіп отырған атаның суреті ілінеді.<br>Дидактикалық ойын: «Сөз ойла»<br>Балаларға мағынасы қарсы сөздер тауып айтуды ұсынады.<br>-Әдепті-...<br>-Жақсы-...<br>-Ақ-.....<br>-Үлкен-....<br>-Сыйлау-....<br>Сұрақтар қояды:<br>-Қалай ойлайсыңдар, ата неге ренжіп отыр?<br>-Үлкен кісілер риза болу үшін сендер қандай болуларың керек?<br>Дидактикалық ойын: «Жақсы, жаман»<br>Өлең оқиды, әрбір екі жолдан кейін «жақсы, | білдіру, эстетикалық талғамын дамыту. Желіммен жұмыс жасағанда ұқыпты болуға тәрбиелеу.<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі<br>Балалар көктемде қандай табиғат өзгерістері болады?<br>Балалар көктем мезгілімен бірге қандай мереке келетінін білеміз бе?<br>Жарайсыңдар, балалар!<br>Балалар, сендер аналарыңды жақсы көресіңдер ме?<br>Ана –деген кім екенін білеміз бе?<br>Біз балалар бүгінгі жапсыру сабағында анамызға арнап сыйлық дайындаймыз, өйткені алда анамыздың, әжеміздің мерекесі келе жатыр<br>Балалар, сендер гүлдердің не екенін білесіңдер ме?<br>Қандай гүлдер болады ?<br>Атап беріңдерші, кім қанша гүлдің атын біледі екен?<br>Балалар бүгін біз сендермен жапсыру сабағында, әркім өз анасына арнап түймедақ гүлін жасайды<br>Не үшін жасаймыз? |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | түсірді?.<br><br>Сендер Алматы қаласында болдыңдар ма?.<br><br>Алматы қаласына кім барды? Қандай көрікті жерлерді көрдіңдер? Не көрдіңдер?<br><br>1. Слайд. Алматы қаласын туралы түсіндіру.<br>Алматы- әсем қала. Ол Іле Алатаудың баурайында орналасқан.Алматының қып- қызыл апорт алмалары дәмді әрі ірі.Қалада саябақтар ,демалыс орындары бар.Кең көшелер мен даңғылдар, биік ғимараттар қалаға ерекше сән береді.Көше бойы ағаштар мен гүлдер отырғызылған. Алматыда оқу орындар, мәдени орындар өте көп. Медеу мұз айдыны бар. Алматы- Қазақстанның ең үлкен қалаларының бірі.<br>Тақпақ С. Оспанов | бір – біріне көмектесуге, береке бірлікке, бауырмалдыққа үйретеді.<br>Тәрбиеші:Балалар сендерге ертегі ұнадыма?Иә.<br>Олай болса осы ертегіні сахналаймыз<br>Сендер қандай ертегіні тамашаладыңдар?<br>-Сендерге ертегі ұнады ма?<br>-Қай кейіпкер сендерге қатты ұнады?<br>-Кім өз ролін жақсы орындап шықты?<br>Ертегінің кейіпкерлеріне көп рахмет.<br>Балалар ертегіні сахналап шығады.<br><br>Д/О. «Қай ертегі»<br>Шарты : Суреттер арқылы ертегі құрастыру | жаман» деп жауап беру керектігін түсіндіреді.<br>-Қарт кісіге жол беру,<br>Амандасып қол беру-......<br><br>-Қағып кету атайды,<br>Ренжіту апайды-.....<br><br>-Сыйлау үлкен кісіні,<br>Еркелету кішіні-.....<br><br>-Араз болу қыздармен,<br>Ерегесу ұлдармен-.....<br><br>-Жаттап алу өлеңді,<br>Үйрені бар өнерді-..<br><br>Кел, жаттайық!<br>Ә.Асылбековтің «Әдептілік әліппесі» өлеңін жаттату.<br>Атам маған әманда,<br>Әдепті бала бол деген.<br>Ата сөзі санамда,<br>Қалып қойды әрқашан.<br>Жасы үлкен кісінің,<br>Кесіп өтпей көлденең.<br>Ізетімен кішінің,<br>Сәлемдесіп қол берем. | Қандай құралдар бар екен?<br>Ендеше балалар жұмысымызды бастайық<br>Балалар, біз түймедақ гүлін мақта талшығынан жасаймыз<br>Ең бірінші біз тіктөртбұрышты кардонның шетін сопақша қылып қиып аламыз, содан кейін жасыл түсті қағаздан түймедақтың сабағын, содан соң жапырағын қиып аламыз.<br>Дайын болған гүлдің ең бірінші сабағын, содан соң екі жапырағын кардонға желімдейміз<br>Осыдан кейін мақта талшықтарының жиегін ортасына жеткізбей айналдырып қиып шығамыз<br>Сосын қиып алған күлтелерді жапсырамыз, түймедақ гүлінің ортасына сары түсті ермексаздан дөңгелек жасап алып жапсырамыз.<br>Жасаған гүліміз әдемі, сәнді көріну үшін жан-жағына рамка жасап жиектейміз. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | «Алматы қаласы».<br>Жап -жасыл ағашы,<br>Қып- қызыл алмасы..<br>Ақ басты тауы бар, Тау-<br>Алматы қаласы. Алматы-<br>Ойын:<br>Текшеден сөз құра.<br>Неше дыбыс, неше әріп?<br>Алматы, алма, қала,<br>көше.т.б.<br><br>Ойын: «Кім жылдам?» Сөз құрастыру.<br>Сөзден сөйлем құрау.<br>Алматы, алма сөзіне сөйлем құрау.<br>Ермексазбен жұмыс<br>Ермексаздан апорт алманы мүсіндеу. Қандай пішіндерден жасаймыз? Дөңгелек, үшбұрыш, түсі қызыл. | | | |
| Үзіліс: | | | | |

| | | |
|---|---|---|
| «Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»<br>Мақсаты:Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін,зейінің тәрбиелеу,белсенділігін артыру.<br>Көрнекіліктер:орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер,тиісті жануарлар.<br>Ойынның барысы:ойыншылар екі топқа бөлініп,әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс атаса,сол жеңіске жетеді |  | **«Ненің құйрығы»**<br>Мақсаты: Балалардың ойлау кабілеттерін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары,жануарлардын құйрығын табу.<br>Ойын барысы: Балалар үстелдің үстіндегі суреттердің құрықтарын ,сәйкес жануарлармен сәйкестендіреді..<br> |
| 4 - ұйымдастырылғаніс-әрекет | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Дене шынықтыру<br>Міндеті:Заттарды тік нысанағалақтыруды үйрене түсу,иықтан жоғарыға қарай шұғыл шығарып ,қолды айналдыра сермеп лақтыру ,дағдыларын дамыту.<br>Мақсаты:;Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып,балалардың қимыл белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыру<br>Жүру, жүгіру, аяқ ұшымен жүру, коянның жүрісі, аюдың жүрісі, кедергілер арасымен жүру, алаша үстімен жүру;<br>Б.қ. аяқ арасы алшақ, қолымыз төменде, қолды жоғары көтереміз, басымызды жоғары көтеріп жапыраққа қараймыз. 3-4 рет<br>2. Б.қ. аяқ арасы алшақ, қолымыз артымызда, қолды алға созу. Жапырақты көрсету. 3-4 рет<br>3. Бқ. аяқ арасы қосылған, | Музыка<br>Міндеті: Әлемдегі ең асыл жан-анаға деген деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету.<br>Мақсаты: музыкалық шығармаларды салыстыруда талғампаздыққа баулу. Музыканың көмегі арқылы көңіл күйді сезініп, әңгімелей білуге, мимика түрінде көрсете алуға үйрету. Әртүрлі сипаттағы әуенді қимылмен көрсетуге, би қимылдарын есте сақтауға дағдыландыру. Музыкалық қабілеттерін, шығармашылықтарын дамытуды жалғастыру.<br>Музыка тыңдау: «Аман болшы, анашым!» – Бұл ән бәріміздің де аналарымызға арналған. – Әннің көңіл күйі қандай? – Сендерге ұнады ма? Мазмұнын әңгімелеуді сұрайды. Дауыс жаттығуы: «Әдемі ән», «Анашым».<br>Терең тыныс алып, дыбыстардың біркелкі | Дене шынықтыру<br>Міндеті: Заттарды тік нысанағалақтыруды үйрене түсу,иықтан жоғарыға қарай шұғыл шығарып ,қолды айналдыра сермеп лақтыру ,дағдыларын дамыту.<br>Мақсаты: Балалардың денесін шынықтыруға, денсаулығын нығайтуға, дұрыс өсіп қалыптасуға үйрету. Қызықты, көңілді ойындарды пайдалану арқылы балалардың ұйымдастырылған оқу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыру.<br>1.Жүру қолды жоғары көтере аяқтың ұшымен жүру. Қолды белге ұстап өкшемен жүру. Т.б. жаттығулар. 2.Жүгіру. Ара қашықтық сақтап жай жүгіру, қол алға созып ұстау. Тізені көтере жүгіру. Аяқты артқа сілтейжүгіру, қол желкеде. Оң және сол жаққа қапталдап жүгіру қолды алға, артқа айналдыру.<br>Жылдамдықтыарттыра жүгіру, қайтадан жай жүгіру бір қалыпты т.б. жүгіру | Музыка<br>Міндеті:Музыкалық мәнерлік құралдары мен сипаттайтын егжей – тегжейлі ажырату қабілетін дамыту.<br>Мақсаты:. Музыка дыбыстарын ажырату . әуенді соңына дейін тыңдауға, таныс әуендерді ажырата білуге, әнді жеңіл әндете айтуға үйрету. Тембрлік есту қабілетін дамыту. Киіз үй туралы түсінік беру, домбыра аспабымен таныстыру, ерекшеліктерін «Жайлау таңы» (Л.Хамиди) әуенін тыңдатады.<br>Балалармен «Жайлауда» атты әңгіме сұхбат жүргізеді.<br>-Жайлауда не көрдің?<br>-Жайлау қайда болды? ұғындыру. Дұрыс айтасыңдар, жайлау тау қойнауында, табиғаты әсем жерде болады.<br>Атамызды қуантып,<br>Жайлауға біз барамыз.<br>Құлыншақпен шабамыз, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | отырып тұрамыз. Тұрғанда қолымызды алдымызға созамыз. 3-4 рет<br>4. Б.қ. аяқ арасы қосылған. Орнымызда тұрып секіреміз. Жапырақты жерге қою. 3-4 рет.<br>5. Заттарды тік нысанаға лақтыруы үйрету.<br>6. Тыныс алу жаттығуы.<br>«Допты қуып жет» ойыны:<br>1.Ойын шартын түсіндіру.<br>2.Балалармен бірлесе ойнау.<br><br>**«Аюлар мен аралар »**<br>**Ойын мазмұны:** Омарта алаңның бір жағында болады. Бір шетте аюдың, араның үңгірі. Ойыншылар тең емес екі топка бөлінеді. Көпшілігі бал аралары. Белгі бойынша аралар омартадан ұшып шығып бал іздеп, шалғынға қарай ұшады. Олар ұшып кетісімен аюлар омартаға жармасып бал жейді. Тәрбиеші: « Аюлар!»-дегенде аралар омартаға қарай ұшады, ал аюлар үңгіріне қашады. Үлгере алмаған | шығуына көңіл аудару. Таза айтуларын қадағалау. Ән үйрену: «Анашым» (Е.Хасанғалиев, А.Асылбек) орындаллады. Балаларға ән мәтіні және әуені үйретіледі Қимылдық ән-ойын: «Алтын қақпа». Ойын шартын қатаң сақтап, шапшаң қимылдауға, жұптасып, қақпа жасап тұруға дағдыландыру.<br><br>«Музыкалық үй»<br>Мақсаты: Балалардың темрлік естуін дамыту, аспаптарды ажырата алу.<br>Ойын барысы: Балалар үйдің терезелеріндегі аспаптарды атайды.<br>Д/О: «Қай аспап»<br>Ойын шарты:Балаларға музыка қойылады,балалар музыканың қай аспапта ойналғанын табады. | жаттығуларын орындау. 3.Дем басу жаттығуларын орындау.<br>Жалпы дамыту жаттығулары:<br>1.Б.қ аяқ иық деңгейінде, қол белде 1-4 басты мойыннан сол,1-4 оңға айналдыру. 2.Б.қ. аяқ иық деңгейінде 1 қолды жоғары көтеру 2 жанға созу.3 алға созу,4 б.к.к. Жаттығулар көрсетілімі немесе видео материалдар.<br>3.Б.қ. 1-4 қолды түзу иықтан алға айналдыру,1-4 артқа айналдыру. 4.Б.қ. аяқ иық деңгейінде қол белде 1-4 белді солға,1-4 оңға айналдыру.<br>5.Б.қ.аяқ иық деңгейінде 1 қолды жоғары созу, 2 аяқ ұшына жеткізу,3 қолды созып отыру.4 б.қ.қ.к. 6.Б.қ. сол қол жанымызға созу, оң қол белде 1-2 белді оңға қисайту.3-4 қолды алмастыру. 7.Б.қ.аяқ арасын алшақ ашу, қол белде 1 сол аяқ түзу оң аяққа отыру,2.б.қ.қ.к. 3-4 керісінше орындау жат. 8.Б.қ. аяқ иық деңгейінде 1 қолды алға созып отыру.2 б.қ.қ.к. 9.Б.қ. аяқ арасы қосулы қол тізеде 1-4 тізені | Бұған жетер шамамыз, -деп «Құлыншақ» (Е. Тәшенов, Ә. Тәжібаев) әнінің екпінімен құлыншақ шабысын келтіріп жүруді ұсынады.<br>-Міне, атамыздың киіз үйіне де келдік. Қарандаршы, қандай әдемі! (Суреттен немесе слайдтан көрсету.)<br>Залға ата киімін киген педагог кіреді.<br>-Амансыңдар ма, қарақтарым! Жоғры шығыңдар!<br>Балалардан жайғасып отыруларын сұрайды.<br>Педагог: «Киіз үйде не бар екен, көрейікші»-деп үйдің ішкі жабдығы бейнеленген суретті көрсетеді. Киіз үйдің жабдықтарын, жиһаздарын көрсетіп, атап айтуларын сұрайды (сандық, бесік, үстел, сырмақ, қамшы, көрпе, т.б)<br>-Ал мына төрде ілулі тұрған біздің ұлттық аспабымыз – домбыра. Бұл аспап кімнің үйінде бар? |